

G00052 18.11.2020

## МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ОЙ-ӨРІСІН ДИДАКТИКАЛЫҚ ОЙЫН АРҚЫЛЫ ДАМУ

*Ермахамбетова Базаргуль Онгалбаевна*  
*Түркістан облысы Жетісай ауданы. Кетебай ауылы.*  
*"Ә. Молдағұлова атындағы N34 жалпы орта мектебі" КММ*  
*Мектепалды даярлық сынып тәрбиешісі*

Ойын – балалардың негізгі іс – әрекетінің бір түрі. Ойын арқылы бала өмірден көптеген мәліметтер алады, өзінің психологиялық ерекшеліктерін қалыптастырады, яғни ойын арқылы бала білім алады. Бала зейіні қажет ететін, әдейілеп ұйымдастырылған ойындар оның ақылын, дүниетанымын кеңейтеді, мінез – құлқын, ерік – жігерін қалыптастырады. Аса ірі психологтардың айтуы бойынша, бала ойын үстінде қандай болса, өскенде еңбекте де сондай болады. Ойын – адамның өмір танымының алғашқы қадамы. Жас сәбидің өмірі, қоршаған ортаны танып, еңбекке қатынасы, психологиялық ерекшеліктері ойын үстінде қалыптасады. Балалар ойын барысында өздерін еркін сезінеді, ізденімпаздық, тапқырлық әрекеті (сезіну, қабылдау, ойлау, зейін қою, ерік арқылы байқалады.) Түрлі психологиялық сезім әрекетіне сүңгиді. Ойын үстінде бала бейнебір өмірдің өзіндегіндей қуаныш пен реніш сезімінде болады.

Балаға таңдалған білім баланың ақылына лайықтап, талабын шабыттандыратындай, ойын оятарлық іскерлігін дамытарлықтай, бастаған істің нәтижесіне жетуге тырысарлықтай нәрлі болуы керек.

Халық өзінің қоршаған дүниенің қыры мен сыры егжей-тегжейлі білуді баланың санасына ойын арқылы жастайынан сіңіре білуді көздеген. Ойын бала табиғатымен егіз. Өйткені бала ойынсыз өспек емес, жан-жақты дамымақ емес. Мектепалды даярлық тобында балаларға ойын арқылы сабақтың сапасын арттыруға толық мүмкіншілік бар.

Ойын арқылы бала түрлі логикалық жаттығуларды орындауға төселеді. Бұл жөнінде белгілі психолог – ғалым А.А. Люблинская «Зейін баланың белсенді әрекетінде туындап қана қоймай, олардың жақсы ұйымдастырылған іс – әрекетінде. Бәрінен бұрын олардың ой еңбегінде де қолдау табатынын айтады».

Мектеп жасына дейінгі баланы дамытатын, өсіретін, әрі тәрбиелейтін де негізгі іс – әрекет ойын. Ойын арқылы бала қоршаған ортамен, адаммен, олардың еңбегімен, қарым – қатынасымен танысады. Ойын арқылы олардың ой-өрісі дамиды. Ойын үстінде балалар әртүрлі рөлде жолдастарымен қарым – қатынас жасауға, ойын үстінде ойлана отырып жауап беруге, қиялдауға, елестетуге қабілеттері қалыптасады. Сөздік ойындары балалардың

ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамытады. Ойыншықтарды пайдалана білуге үйренеді.

Арнайы ойын ұйымдастырылған оқу іс – әрекетінің мазмұнына қарай танымдық, дамытушы ойындарды, тапсырмаларды қолдану, балаларды заттарды бір – бірімен салыстыруға, оларды қасиетіне қарай ажыратуға және оны танып білуге үйретеді. Сөйтіп бала топтағы жасына сәйкес бағдарламалық міндетті меңгереді.

Ойын ұйымдастыруда балаларға жетекші бола отырып, ойнай білуге, ойын ережесін сақтауға, әрі оларды ойната отырып ойлануға бағыттайды, заттың атын немесе қасиетін есінде сақтап қалуға жол ашады, ойынға қызықтыра отырып зейінін, қиялын дамытады. Заттармен ойналатын ойындар: «Ғажайып қапшық», «Қай ағаштың жапырағы?» т.б.

Үстел үсті ойындарды ұйымдастыруда домино, лото, суреттер қолданады. Мысалы: «Суретті құрастыр», «Қандай затқа ұқсайды», «Бір сөзбен ата», «4-не артық?» т.б.

Ойындарды қарапайым математикалық ұғымды қалыптастыру сабағында пайдалану балалардың алған білімін күнделікті өмірімен ұштастыруға қолайлы. Ойын сабақтың мазмұнын байыта балалардың қиялдарын қозғап, зейіндерін кеңейте түседі. «Санмақ», «Он саусақ» өлеңдерін жаттатып, мазмұнын түсіндіру арқылы балалардың тілін ұстартып, логикалық ой – жүйелерін қалыптастыруға болады. Балалардың белсенділігін арттыра түсу мақсатында әрбір сабақты түрлендіріп өткізу орынды.

Ойындарды үнемі пайдалану арқылы балалардың ауызша есептеуге жаттығуына логикалық ой-жүйелерін жетілдіруге, түсінуге толық мүмкіншілік бар. Олардың қатарына халық ойындарын жатқызуға болады. Атап айтқанда, «Қай қолымда?», «Қанша тұяқ?», «Неше жапырақ?» т.б.

Ойын баланың алдынан өмірдің есігін ашып, оның шығармашылық қабілетін оятып, бүкіл өміріне ұштаса береді. Сонымен қатар, ойын – тынысы кең, ойдан-ойға жетелейтін қиялымен қанат бітіретін осындай ғажайып нәрсе ақыл-ой жетекшісі, денсаулық кепілі, өмір тынысы.

Балалардың ой-өрісін дамытатын «Санмақ» ойыны. Оның басты ерекшелігі баланың ойлау қабілетін жетілдіру. Атау ұйқастарын санау арқылы бала сан үйренеді, санға аты ұйқас заттарды танып біледі.

Бір дегенім – білеу,

Екі дегенім – егеу,

Үш дегенім – үкі,

Төрт дегенім – төсек, т.б.

Балалардың ой белсенділігін, саналы ойлана білуін дамыту, жетілдіру – тәрбиешінің негізі міндеті. Ойын баланың ойлау қабілеті мен сөздік қорын

дамытуға, дағды мен шеберлікті меңгеруге, қиындықты жеңуге, төзімділікке баулиды.

Балалардың ойлау қабілетін дамытуға сөзжұмбақ, ребус, «Ұйқасын тап» ойындарының әсері мол. Мысалы, «Ұйқасын тап» ойыны арқылы баланың білсем деген ұтымы артып, қызығып, белсенділігі танылады.

1. Өзінше ноян,  
Қорқақ кім? (қоян)
2. Тұмсығымен шымшып,  
Құрт тереді ... (шымшық)
3. Бата алмас түлкі,  
Үсті тікен .... (кірпі)
4. Өңеші кең таңдайын,  
Дәнге тосты ... (комбайын)

Қазақтың ұлттық ойындарын қолдану. Мысалы, «Сақина салу», «Ақсүйек» т.б. Ребустар шешудің баланың ой ұшқырлығын дамытуға әсері мол. Баланы ұшқыр ойға, тапқырлыққа жетелейтін жұмбақтарды әр сабақ сайын жүйелі пайдалану керек. Сабақта балаларға жұмбақтарды жатқа айтқызудың өзі тілін жаттықтырады.

Қызығушылықты туғызу үшін ойын түрлерін пайдаланудың орны бөлек. Тиімді қолданылатын ойын түрлері тәрбиешінің түсіндіріп отырған материалын балалардың зор ынтамен тыңдап, берік меңгеруіне көмектеседі. Ойын – балалар әрекетінің негізгі түрі, сондықтан ол бала өмірінде тәрбие мен білім берудің шешуші шарты болып табылады. Бала өзін қоршаған ортаны, адамдар арасындағы қарым – қатынасты білуі мен сезінуі ойын негізінде жүзеге асады.

1. Ойынның мақсаты нақты қойылып, керекті көрнекіліктер мен материалдар күнілгері дайындалып, оңтайлы жерге қойылуы керек.
2. Ойынға кірісер алдында оның жүргізілу тәртібі балаларға әбден түсіндірілгені жөн. Ойынға топтағы балалардың түгел қатысуын қамтамасыз ету керек.

Ойынның барысында тәрбиеші балалардың түгел қатысуын қадағалаумен қатар, олардың ойын үстінде шешім қабылдай білуіне, ойлана білуіне жетелеуі керек.

Ойын түрлерінің ұйымдастырылған тақырыбы мен мазмұнына неғұрлым сәйкес алынса оның танымдық, тәрбиелік маңызы да арта түседі. Оны тиімді пайдалану сабақтың әсерлігін, тартымдылығын күшейтеді, балалардың сабаққа ынтасы мен қызығушылығын арттырады.

Ғұлама ғалым ағартушы Ахмет Байтұрсынов: «Басқадан кем болмас үшін біз білімді, бай һәм күшті болуымыз керек. Күшті болуға бірлік керек. Осы керектердің жолында жұмыс істеу керек» деген екен. Білім беру ісіндегі бүгінгі

күннің өзекті мәселесі ел ертеңін ойлайтын білімді де, білікті зейінді дезерделі ұрпақ тәрбиелеу. Балаларды мейірімділікке, әділеттілікке, әдептілікке тәрбиелеу.

G00049 17.11.2020

## **ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

*Ауезова Альфия Анарбаевна  
Түркістан облысы Мақтаарал ауданы № 21 "Нұрлы жол"  
жалпы орта мектебі. Қосымша білім беру педагогы*

Қашықтықтан оқыту – білім алушы мен педагог қызметкерінің жанама (алыстан) немесе толық емес жанама өзара іс-қимылы кезінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды және телекоммуникациялық құралдарды қолдана отырып жүзеге асырылатын оқыту;

Қашықтықтан білім беру технологиялары қашықтықтан оқу сабақтарын «online», «offline» режимінде өткізуге негізделген. «Online» режимінде оқу сабақтары нақты уақыт режимінде оқудың өзара іс-әрекет ету үдерісін қарастырады (бейнеконференция, Интернет желісімен хабар алмасу, телефон аппараты арқылы келіссөздер). «Online» режиміндегі оқу сабақтары оқытушы мен білім алушы арасындағы асинхронды тілдесудің (электрондық пошта, кейіннен қорытынды бақылау тапсырумен оқытушының тапсырмасы бойынша білім алушының оқулықпен жұмысы) оқу іс-әрекеті процесін қарастырады.

Қашықтықтан оқыту-қолайлы уақытта кез келген жерде ақпараттық-коммуникациялық технологиялар көмегімен қашықтықтағы оқытушыдан білім алу үрдісі. Қашықтықтан оқыту, үйден шықпастан 24/7 режимінде білім алу мүмкіндігі.

Қашықтықтан оқыту фомасы- оқытудың электронды технологиясын қолданып, жұмыстан қол үзбей, қолайлы уақытта кез келген жерде, жеке режимде білім алуды қамтамасыз етеді.

Барлық білім алушылардың виртуалды «жеке кабинеті» болады, онда таңдаған пәнді өз бетінше игеруге арналған оқу-әдістемелік, ұйымдастыру материалдары мен тапсырмалар салынады.

Қашықтан оқытудың ерекшеліктерін зерттеу (қашықтағы сабақтарды ұйымдастыру, жоспарлау). Оқушыларды қашықтан оқытуға ынталандыру мен қатыстырудың ерекшеліктерін зерттеу (оқушылардың өзіндік жұмысын қалай ұйымдастыруға болады немесе үй тапсырмасын қалай тексеруге болады және тағы да басқалар). АКТ құралдары мен қызметтерін зерттеу. Қашықтан оқыту форматындағы ата-аналармен жұмыстың ерекшеліктері. Ерекшеліктері

модулінің өзі бірнеше өзекті тақырыптармен, ұстаздар қауымына қажет ақпараттармен қамтамасыз етілген екен. Алғашқыда синхронды оқытудың асинхронды оқытудан айырмашылықтары, қашықтан оқыту барысында мұғалімнің қызметі мен қашықтан оқыту барысында оқушының іс-әрекеті сияқты мәселелерге қарастырылды.

Сонымен қатар, қашықтан оқытуда қалай «оқу үдерісін жоспарлауға болады?» деген сұраққа жауап ала аласыз. Бұнда берілген кеңестер: барлық жұмысты бірден жүзеге асыруға тырыспаңыз. Қашықтан оқыту кезеңінде қандай мақсаттарыңызға қол жеткізуге болатынын мұқият ойластырыңыз; қашықтан оқытудың ең қарапайым бір-екі құралын таңдап алып, солармен жұмыс істеуді бастаңыз. Бірден көптеген құралдарды қолдануға тырыспаңыз; қашықтан оқыту кезеңінде Сіздің оқу сценарийлеріңіз неғұрлым қарапайым, түсінікті және шынайы болса, оларды ойдағыдай жүзеге асыру және қажетті нәтижеге қол жеткізу мүмкіндігі соғұрлым көбірек болады; оқытудың жаңа форматына Сіз ғана емес, оқушылар мен олардың ата-аналары да жаңадан бейімделуде екенін, олар да Сіз сияқты мазасызданатынын есіңізде ұстаңыз; оқушыларыңыздың ерекшеліктерін ескеріңіз және онлайн сабақты жоспарлау барысында сабақ мақсаттары мен тапсырмаларды әзірлеп, бір немесе бірнеше саралау тәсілін таңдаңыз.

Бағалауды ұйымдастыруда оқушыларға ізгілікті қарым-қатынас және қолдау көрсетіп, түсінікті және дәйекті ережелер мен рәсімдерді қалыптастыратын; оқу үдерісіне қызықты әдіс-тәсілдерді қолдануды; оқуда және тапсырмаларды орындауда цифрлық немесе цифрлық емес құралдарды таңдау және пайдалануды; барлық оқушылардың табысқа жетуіне жағдай жасалатын, оқушыларда өз пікірін айтуға және тапсырмаларды таңдауға мүмкіндігі болатын саралап оқытуға бағдарлануды басты назарда ұстау қажеттілігі атап көрсетілді. Қашықтан жұмыс істеу барысында өзара жағымды және оңтайлы қарым-қатынас аса маңызды. «Уақытыңда тапсырмадың! Не деген масқара?!» деудің орнына тағы да бір мүмкіндік беру жолдарын қарастырған абзал. Басты назарды ынталандыру, қолдау, эмоцияларды білдіру, адами қарым-қатынасты сақтау мүмкіндіктеріне аудару керек.

Оқуға қатыстыру модулінде тақырып аясында “Оқушыларды оқу үдерісіне қалай ынталандыруға/тартуға болады?” деген мәселе қарастырылды. Бұл сұрақты шешуде оқушыларды оқыту үдерісіне ынталандыру факторларын, әдіс-тәсілдерін анықтау аса маңызды. Шәкірттерді оқуға қызықтыру, ынталандыру жайлы ойлаған кезде, біз олардың ішкі ынтасын арттыру жолдарын түсінуге тырысамыз. Оқуға қатыстыру дегеніміз оларды қызықтыру, жаңа бір нәрсе жасап көруге, таңдауға, қателесуге, қайтадан бастауға, табысқа жетуге ұмтылуға мүмкіндік беру. Осылайша, білімгерді оқуға белсенді қатыстырудың тәсілдерін қашықтан және дәстүрлі оқытуда кеңінен қолданып, балалардың

дербес оқушыға айналуына көмектесеміз. «Онлайн сабақты жүргізу: сыртқы келбет және онлайн этикет» тақырыбы «сабақты трансляциялауға дейін және оны жүргізу барысында қандай мәселелерді назарда ұстау керек?» деген сұрақ аясында толық мәлімет берді.

Қашықтан оқытуды ұйымдастырудағы ең негізгісі әрине, АКТ құралдары: қазақстандық платформалар. Қашықтан оқытуды ұйымдастыруға арналған АКТ құралдары бойынша гидті және Telegram мессенджеріндегі ICT robot чат-ботын қолданып, оқу мақсатына сәйкес келетін цифрлық құралдарды таңдау арқылы қашықтан оқыту мен оқудың, сондай-ақ дәстүрлі сыныптағы сабағыңыздың тиімділігін арттыра аласыз. Осы телекоммуникациялық және ақпараттық құралдар негізінде әр түрлі педагогикалық қызмет түрлерін қолдануға болады. Мысалы, қашықтан іскерлік ойындар, зертханалық жұмыстар мен семинарлар, қол жетімді емес нысандарға виртуалды бару, виртуалды экскурсиялар, мектеп оқушыларының, сондай-ақ мұғалімдердің бір-бірімен компьютерлік хат алмасуы, электронды бюллетеньдер шығару және тағы басқалар. Бұл қаражат жеке-жеке де, кешенде де жұмыс істей алады. Мысалы, оқушыларға білім беру мәселесі қойылған дәріс материалы ұсынылады. Әр оқушы оны шешеді және нәтижелерін барлық курстастарына жібереді.

Қорыта айтқанда ашық онлайн-курсы отандық ұстаздар үшін оқытудың тиімділігін қарастыруымен тиімді әрі пайдалы болды. Қашықтан оқытудың ерекшеліктері мен түрлерін зерттеп, онлайн-сабақтардың оқу үдерісін жоспарлауды, оқу жетістіктерін бағалауды ұйымдастыруды үйрендік. Қашықтан оқыту қазіргі заман талабы болса, оны ұйымдастыруда педагог-ұстаздардың біліктілігі жоғары, зияткерлік және кәсіби деңгейі жоғары деңгейде дамыған болуы өте маңызды!

G00040 17.11.2020

## ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ МАЗМҰНЫ-ЗАМАН ТАЛАБЫ

*Хибашева Нурлы Габдуллиевна*

*БҚО, Ақжайық ауданы, Қызылжар ауылы, Еңбекші негізгі жалпы білім беретін мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.*

Тәуелсіз елдің негізгі тірегі-білімді ұрпақ. Қазіргі таңда білімдінің алға түсіп, бәйгеден озып келетін заманы енді туды. Қазақтың кемел талантты ұлы ұстазы Ахмет Байтұрсынұв: «Елді түзетуді бала оқыту ісін түзетуден бастау керек», деген.

Қазақстан Республикасының білім беру реформаларының негізгі мақсаты-білім беру жүйесін жаңа экономикалық ортаға бейімдеу. Бұл тұрғыда тұңғыш Президент Н.Ә. Назарбаев еліміздің әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына қосылуы туралы міндет қойғаны мәлім. Білім беру жүйесін жетілдіру осы мақсатқа қол жеткізуде маңызды рөл атқарады. Болашақта өркениетті, дамыған елдер қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет.

Қазіргі ұстаздар алдындағы міндет: ғылым мен техниканың даму деңгейіне сәйкес оқушының білімі терең, іскер және ойлауға қабілетті, әлемдік стандарттар негізінде жұмыс істей алатын құзырлы тұлғаны қалыптастыру. Мұндай талапқа сай қызмет істеу үшін ұстаз үздіксіз ізденісте кәсіби білікті болуы тиіс.

Жаңартылған білім беру бағдарламасының ең негізгі мақсаты-білім алушылардың оқу нәтижелерін жетілдіру болып табылады. Орта білім мазмұнын жаңартудың көптеген компоненттері, соның ішінде мұғалімдердің біліктілігін арттыру бағдарламасы осы мақсатқа бағытталған. Жаңартылған білім беру бағдарламасы – озық технологиялардың барлық қыр-сырларын білуге жетелейді.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы-қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек» деп баяндалды. Қазіргі әлемде жай ғана жаппай сауаттылық жеткіліксіз дей келе, Елбасымыз «функционалдық сауаттылықты арттыруды» негізгі тапсырма етіп жүктейді. Функционалдық сауаттылық, кеңінен алғанда, білім берудің / бірінші кезекте жалпы білім беруді / көп жоспарлы адамзат қызметімен байланысын біріктіретін тұлғаның әлеуметтік бағдарлану тәсілі ретінде түсіндіріледі. Қазіргі тез құбылмалы әлемде функционалдық сауаттылық адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық

қызметтерге белсенді қатысуына, сондай-ақ өмір бойы білім алуына ықпал ететін базалық факторлардың біріне айналуға.

Оқушы мен мұғалім арасындағы қарым-қатынас түбегейлі өзгерісті талап етеді. Функционалдық сауаттылықты меңгерген оқушы білімді өз бетімен игеріп, өз болжамдарына күмәнмен, сыни тұрғыдан қарайды. Әлем, тіршілік, жаратылыс туралы өзінің түсінігін тереңдетіп, кеңейтуге ұмтылу мүмкіндігі ұлғаяды. Құрбы-құрдастарымен әлеуметтік байланыс жасайды. Белсенді түрде білім жинақтайды. Осының бәріне мұғалім көшбасшылық етіп, бағыт-бағдар беріп отырады. Оқушы оқу үдерісіне мұғаліммен бірге араласып отырады. Тіпті өзінің және сыныптас достарының білімін бағалауда да өз үлесін қоса алады. Ол үшін бағалау критерийлеріне сүйене отырып, топпен, жұппен немесе жеке жауап берген балалардың еңбегін формативті бағалау оқушының әрі қарай ынталанып оқуы үшін үлкен ықпал етеді. Мектеп тәжірибесінде табысты қолдануға ықпал ететін әдістемелік сипаттағы бірқатар жалпы ұсыныстардан тұратын бағдарламаның жеті модулі: оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер; сыни тұрғыдан ойлауға үйреті; оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау; оқытуда ақпараттық коммуникациялық технологияларды пайдалану; оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту және оқу; оқытудағы басқару және көшбасшылық болып келеді.

Сондықтан бүгінгі өскелең ұрпақтың үлкен өмірге білек сыбанып, белсене араласа алатын қабілетін көтеріп, танып білу заман талабы. Олай болса оқушы бойына адамгершіліктің асыл қасиетін сіңіру, сапалы білім беріп, оның болашағын, жеке басын сыйлау біздің бірінші міндетіміз.



G00045 17.11.2020

## ЭКОНОМИКО-ГЕОГРАФИЧЕСКОЕ ПОЛОЖЕНИЕ СТРАН МИРА

*Бердешева Галия Ермековна  
Западно-Казахстанская область р/н Байтерек  
с.Янайкино КГУ Батуринская СОШ*

<b>Цели обучения, которые достигаются на данном уроке (ссылка на учебную программу)</b>	7.6.1.4 - с дополнительным охватом казахстанского компонента характеризует экономико-географическое положение стран по плану
<b>Цели урока</b>	<p><b>Все учащиеся могут:</b> объяснить экономико-географическую характеристику стран мира и Казахстана по плану.</p> <p><b>Большинство учащихся могут:</b> определить виды стран по их экономико-географическому положению; определить экономико-географическую характеристику Казахстана.</p> <p><b>Некоторые учащиеся могут:</b> дать оценку экономико – географического положения стран мира и Казахстана.</p>
<b>Критерии успеха</b>	Характеризуют экономико-географическое положение стран мира и Казахстана по плану.
<b>Языковые цели</b>	<p><b>Лексика и терминология:</b> виды экономико-географического положения (пограничное , периферийное , приморское, глубинное, транзитное центральное).</p> <p><b>Чтение:</b> читают текст параграфа учебника и анализируют его</p> <p><b>Слушание:</b> учащиеся слушают друг друга в группах</p> <p><b>Говорение:</b> делают выводы, формулируют ответы</p> <p><b>Письмо:</b> оформляют таблицы и схемы.</p>
<b>Привитие ценностей</b>	« <b>Экономический рост на основе индустриализации и инноваций</b> »: труд и творчество обучении на протяжении всей жизни

<b>Межпредметные связи</b>	Всемирная история, физическая география
<b>Предварительные знания</b>	Экономико-географическое положение стран мира; экономико-географическое положение Казахстана.
<b>Ход урока</b>	
<b>Запланированные этапы урока</b>	<b>Запланированная деятельность на уроке</b>
Начало урока 1 мин	"Круг радости" эмоциональный настрой Приглашаю вас всех в наш «круг радости». Давайте все встанем дружно в круг, рядышком, плечом к плечу, улыбнемся друг другу.
5 мин	<p><b>Задание №1 Актуализация знаний. (И).</b> <b>Метод: «Верно и неверно»</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. ЭГП-это положение страны на политической карте мира( <b>неверно</b>).</li> <li>2. Основоположник ЭГП Н.Н.Баранский(<b>верно</b>).</li> <li>3.Существуют 6 типов ЭГП ( <b>верно</b>).</li> <li>4ЭГП может изменяться только в лучшую сторон (<b>неверно</b>).</li> <li>5ЭГП может быть выгодным и невыгодным (<b>верно</b>).</li> <li>6Казахстан занимает приморское положение по отношению к другим странаммира(<b>неверно</b>).</li> <li>7.Причины изменения ЭГП это научно-технический прогресс(<b>верно</b>).</li> <li>8.Анализ ЭГП проводится по физическо-географической характеристики ( <b>неверно</b>).</li> </ol> <p><b>Критерии :</b> Раскрыть понятие и виды ЭГП стран мира и Казахстана</p> <p><b>Дескрипторы:</b> 1.Знает понятие и виды ЭГП стран мира и Казахстана 2.Знает о роли Н.Н.Баранского 3.Определяет типы ЭГП стран мира и Казахстана 4.Определяет ЭГП Казахстана</p> <p><b>ФО: «Светофор»</b></p>

<p>2мин</p>	<p>У каждого ученика имеются карточки трех цветов светофора (зеленый, желтый, красный).          Зеленый цвет: «Я могу. У меня все получилось»          Желтый цвет: «Я не совсем уверен. Мне требуется консультация».          Красный цвет: «Я не могу. Требуется помощь».</p>
<p>Середина урока 15</p>	<p><b>Деление на 2 группы</b>–          Приморские и центральные страны по 2 цветам стикера.          Островные- зеленого цвета (Япония, Великобритания, Куба).          Материковые- желтого цвета (Казахстан, Китай, Польша).  <b>Задание №2 (Г).</b> Используя различные источники информации выделить плюсы и минусы экономико-географического положения Казахстана.</p> <p>Составляют кластер 1 группа (+) 2 группа (-)  <b>Критерии:</b>          Выделить плюсы и минусы экономико-географического положения Казахстана.  <b>Дескрипторы:</b>          1 Выделяет плюсы ЭГП          2 Выделяет минусы ЭГП          3. Использует различные источники информации  <b>ФО:</b> Словесная оценка учителя.  <b>Физминутка</b> («Карлики-великаны»)          (Великаны - дети должны стать на носки и поднять руки вверх ; если карлики - все должны присесть и вытянуть руки вперед. ).</p>
<p>10мин</p>	<p><b>Задание №3(Г)</b>          Используя текст учебника составить экономико-географическую характеристику стран Германии и Казахстана согласно плану.  <b>1 группа-Германия 2 группа -Казахстан</b>          Составление постера.</p>
<p>10  2мин</p>	<p><b>Критерии</b> Раскрыть экономико-географическое положение Германии и Казахстана по плану.  <b>Дескрипторы</b>          1. Определяют экономико-географическое положение Германии и Казахстана.</p>

2. Анализируют экономико-географическое характеристику положения Германии и Казахстана.  
3. Обобщают и делают выводы экономико-географического положения Германии и Казахстана.  
ФО : «**Большой палец**»- *Я понимаю и могу объяснить* (большой палец руки направлен вверх)- *Я все еще не понимаю* (большой палец руки направлен в сторону) *Я не совсем уверен* в (помахать рукой)

#### **Задание №4(Г)**

Используя атлас, текст учебника найдите страны по карте. Изучив их, распределите в таблицу по их экономико -географическому положению: Китай , Великобритания,, , , Кыргызстан ,Турция, , Казахстан, Колумбия, Бельгия, Австралия..Чили,Ливия.

#### **Критерии**

Распределить страны мира и Казахстан по экономико-географическому положению

#### **Дескрипторы:**

- 1.Определяет страны по экономико-географическому положению
- 2.Распределяет страны мира и Казахстан по видамэкономико –географическому положению
3. Преобразует текстовую информацию в таблицу

**ФО:**Смайлики


#### **Конец урока**

#### **Обратная связь:**«Закончи предложение»

- я узнал...
- я теперь знаю...
- мне было интересно...
- я хочу еще узнать...

#### **Домашняя работа**

Составить синквейн ЭГП Казахстана и одной из стран по выбору учащегося.

	 <p><b>Синквейн</b></p> <p>1 строка: <b>Тема одним</b> словом (обычно существительное)</p> <p>2 строка: <b>Описание темы</b> (два прилагательных)</p> <p>3 строка: <b>Описание действия</b> в рамках этой темы (три глагола или деепричастия)</p> <p>4 строка: <b>Отношение к теме</b>, чувства, эмоции (фраза из четырех слов)</p> <p>5 строка: <b>Повторение сути</b> темы одним словом (синоним темы).</p>	
<p>Дифференциация прослеживается на всех этапах урока при выполнении заданий . Выражена в подборе заданий для групп , и от конкретного ученика. Оказывается индивидуальной поддержка учащемуся, в подборе учебного материала и ресурсов с учетом индивидуальных способностей учащихся</p>	<p>На уроке были использованы такие приемы как «Снежный ком», составление постера, таблицы-</p>	

G00050 17.11.2020

## **БІЛІМ БЕРУДЕ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ**

*Куанова Айгуль Темирхановна*

*Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы «Манашы орта мектебі» КММ.*

*География пәні мұғалімі*

XXI ғасыр – ғылым мен техниканың дамыған кезеңі. Заман талабына сай қазіргі білім жүйесіндегі игі істер мен жаңалықтар соның нәтижесі. Бүгінгі білім беру үдірісінде жаңа ақпараттық технологияны пайдалану және оны мақсатты түрде жүзеге асыру – ақпараттық қоғам дәуірінің негізгі көзі. Қазіргі заман мұғалімнен тек өз пәнінің терең білгірі болуы емес, тарихи танымдылық, педагогикалық – психологиялық сауаттылық, саяси экономикалық білімділік және ақпараттық сауаттылық талап етілуде. Ол заман ағымына сәйкес білім беруде жаңалыққа жаны құмар, шығармашылықпен жұмыс істеп, оқу мен тәрбие ісіне еніп, оқытудың жаңа технологиясын шебер меңгерген жан болғанда ғана білігі жоғары жетекші тұлға ретінде ұлағатты саналады.

Жаңа технологияның бізге ұсынып отырған тағы бір жетістігі бұл әрине электрондық оқулық. Білім берудің кез келген саласында танымдық белсенділікті арттырып, ойлау жүйесін қалыптастыруға шығармашылықпен жұмыс істеуге жағдай жасайтын – электрондық оқулық. Электрондық оқулықты пайдалану мұғалімнің ғылыми-әдістемелік потенциалын дамытып, оның сабақ үстіндегі еңбегін жеңілдетті. Оқытудың әр сатысында компьютерлік тесттер арқылы оқушыны жекелей бақылауды, графикалық бейнелеу, мәтіндері түрінде, мультимедиялық, бейне және дыбыс бөлшектерінің бағдарламасы бойынша алатын жаңалықтарды іске асыруға көп көмегін тигізеді. Электрондық оқулықтарды қарапайым оқулықтарға қарағанда пайдалану ыңғайлы және оларда өзін-өзі тексеру жүйесі бар. Осы электрондық оқулықтың артықшылығы болып табылады. Мұғалім үшін электрондық оқулық бұл күнбе-күн дамытылып тұратын ашық түрдегі әдістемелік жүйе, оны әрбір оқытушы өз педагогикалық тәжірибесіндегі материалдармен толықтыра отырып, әрі қарай жетілдіре алады. Мазмұны қиындау бір үлкен тақырыптың бөліктерін өткенде қосымша бейнехабар және клиптер қажетті элемент болып табылады. Бейнеклиптер уақыт масштабын өзгертуге және көріністерді тез және жәй түрде көрсеруге пайдалы. Электрондық оқулық арқылы түрлі суреттер, видео көріністер, дыбыс және музыка тыңдатып көрсеруге болады. Бұл әрине, мұғалімнің тақтаға жазып түсіндіргенінен әлде қайда тиімді, әрі әсерлі. Меңгерілуі қиын сабақтарды компьютердің көмегімен оқушыларға ұғындырса, жаңа тақырыпқа деген

құштарлығын арттырады. Жаңа технологияны пайдалана отырып, биология пәнінен «Полезой заманындағы тіршілік» сабағын электрондық оқулықтың көмегімен өттім. Сабақтың мақсаты Полезой заманындағы тіршілік туралы жалпы мағұлмат білу:

Суреттерді пайдаланып – полезой заманындағы жалпы мағұлмат білу: себептерін түсіну, алған білімдерін күнделікті өмірде қолдана білуді үйрену, топта бағалауға баулу болды. Электрондық оқулық арқылы оқшылар Полезой заманындағы өсімдіктер мен жануарлар жөнінде жалпы мағұлмат білді. Ірі организмдер құрылысының маңызы жөнінде жалпы мағұлмат біліп, себептерін түсінді, алған білімдерін күнделікті өмірде қолдануды үйренеді. Сабақ үстінде берілген түсініктер: Полезой, Кембрий, Ордовик, Силлур, Девон, таскөмір, Пермь, Псилофиттер. Сабақты өту барысында, Топтық жұмыс «Джигсо» Жұптық жұмыс, жеке жұмыс «Тест» алынды. Сынып оқушыларына жағымды ахуал туғызып, түгелдеп топқа (Архей, протерезой, полезой) сөздері арқылы 3 топқа бөлінеді. Топтың көшбасшысы, баяндамашы, хатшы, уақытсақшы, бақылаушы сайлап алынады. Жұмыс төмендегідей жоспармен жүрді:

Берілген мәтінді оқып, топпен бірлесе отырып, талқылайды және әр топтың бақылаушысы жасаған жұмыстарға сәйкес бақылау парағын жүргізеді. I топ оқушысы, II топқа барып түсіндіреді Өкіл әдісі бойынша. Түсіндіріп болғаннан кейін

1 топ – Ассоциация

2 топ – Тұжырымдамалық карта

3 топ- Фишбон әдісі бойынша әр топ постер қорғайды, оқушылардың мақсаттарың бүгінгі тақырыпты салып түсіндіріп беру.

(Оқушылар тапсырманы орындағаннан кейін тақтаға іліп, Галереяға саяхат әдісі бойынша әр топтан оқушы түсіндіреді,)

Әр оқушы өзіне жүктелген рөлдің міндеттерін атқарады. Топ пікірлерін тындады. Кері байланыс (Білемін, Білдім, Білгім келеді.) жүргізіледі. Сабақ өз дәрежесінде өтті. Ақпараттық технологияны пайдалана отырып, оқушылар өздері іздену барысында көп мәлімет алды.

Біз бейбіт елде, мемлекеттік білімді жетілдіруге аса мән берген елде тұрамыз. Жалпы білім берудің мақсаты – терең білімнің, кәсіби дағдылардың негізінде еркін бағдарлай білуге, өзін-өзі дамытуға адамгершілік тұрғысынан жауапты шешімдерді қабылдауға қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыруға, яғни жеке тұлғаны қалыптастыруға негізделген, ақпаратты технологияны терең меңгерген, жылдам өзгеріп жататын бүгінгі заманға лайықты, жаңашыл тұлғаны қалыптастыру.

Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасуы орта білім беру жүйесінің дамуымен тығыз байланысты. Қай халықтың, қай ұлттың болсын толығып өсуіне, рухани әрі мідени дамуына басты ықпал жасайтын тірегі де,

түп қазығы да – мектеп. Мектептердің білім деңгейін көтеру және онда интерактивті тұлғаларды пайдалану арқылы оқу- тәрбие процессін тиісті деңгейге көтеру, мектеп ұстаздарының басшыларының, педагогикалық ұжымның жүйелі басшылыққа алған бағыты деп есептейміз.

Ақпараттық технологияның келешек ұрпақтың жан-жақты білім алуына, іскер әрі талантты, шығармашылығы мол, еркін дамуына жол ашатын педагогикалық, психологиялық жағдай жасау үшін тигізер пайдасы аса мол.

G00053 18.11.2020

## **СӘНДІК ҚОЛДАНБАЛЫ ӨНЕРІНІҢ ТҮРІ КЕСТЕ ТІГУ ӨНЕРІ**

*Джакипбекова Сандуғаш Джумахановна  
Жамбыл облысы, Шу ауданы, Төле би ауылы, "Өнер мектебі"  
"Қолданбалы сәндік өнері" үйірме жетекшісі*

Кесте – қазақ халқының қолөнерінің ерекше түрінің бірі. Қолмен кестелеп тігу – өте көне заманнан келе жатқан қолданбалы өнер түрі. Қолданбалы өнер – көптеген елдердің шеберлерінің, суретшілерінің шығармашылық жемісі. Ол киімдерді, интерьерді әшекейлеу нәтижесінде кісінің көңіл - күйін көтереді. Қол кестесі бұйымдарына тұтынушылар сұрасының өсу бұйымдардың түрлерін көбейтуге, оның сәндігін түрлендіруге және кестелеудің әдістерін көбейтуге көмектеседі. Кесте тігу үшін қолданылатын құрал - саймандар: Кергіштер – кесте тігушінің негізгі құралы. Ол матаны керіп ұстайды және оны зақымдалудан сақтайды. Кергіштер дөңгелек болады. Ол бірінің ішіне бірі кіретін екі дөңгелектен тұрады. Оны ағаштан, пластамассадан, резеңкеден және металдан дайындайды. Инелер – мата қалыңдығы мен жіптің жуандығына қарап таңдалады. Қайшылар – жіптің ұшын қию үшін қайтқы қайшылар, оралған жіпті қию және жіпті тегістеу үшін орташа қайшы қолданылады. Жіптер – кестелеу үшін табиғи, жасанды, синтетикалық және аралас жіптер, ирис, мулине т. б. жіп түрлері қолданылады. Калька – бұл мөлдір ақ қағаз. Калька түпнұсқа суреттің көшірмесін жасау үшін қолданылады. Ал калькадан суретті сатаға көшіру үшін көшіргіш қағаз пайдаланылады. Өрнек құрастыру үшін миллиметрлік қағаз қолданылады. Кестелеуге арналған материалдар – канва, тегіс боялған мата.

Ертеде халқымыз тұтынатын бұйымдарының бәрін кестемен әшекейлеп безендірген. Сол сияқты қазақ халқының қолөнерінің өмірге келуі халықтың көшпелі өміріне байланысты. Атадан баласына, анасынан қызына мирас болып келе жатқан - сәндік өнерінің өзі ұлттық мәдениеттің дамуына ықпал етеді. Аталарымыз қызымыз бен ұлымыз сегіз қырлы, бір сырлы болуын қадағалаған.



Әсіресе қыз балаға: ине сабақтап, түйме қадау, кесте тігуді, ас пісіруді үйретсе, ұл балаларымызға таспа тілу, өрім тоқу, мал сою және мүшеленуді үйреткен. Бүгінгі күннің талабына сай қолөнер түрлері де сан алуан. Кестелеу, көркемдеп тігу, ою - өрнектерін әшекейлеу. Кестені көңіл сызады, қол тігеді, көз сынайды дегендей, кесте тігудің алуан әдісі бар. «Біз кесте», «Гобелен» (көпіртпелі) кесте, «Моншақпен кестелеу» (бисерлеу) деп атайды. Кестелеу өнері дүние жүзінің әр халқында бар. Сонымен қатар әр халықтың тарихи ерекшелігіне және эстетикалық талғамына байланысты өзінің ерекшеліктерімен ерекшеленеді.

Қазақ халқының қол тігістері өзінің тігілу әдісі мен мәнеріне қарай бірнеше түрге бөлінеді де, олардың әрқайсысы өз атауларымен аталады.

Батырып тігу. Бұл былғары, киіз, көрпе сияқты қалың заттарға ғана қолданылады. Оның үстіңгі өң жағы өте жиі шаншылып, ал астыңғы жібі қатты тартылып алыс шаншу арқылы үстіңгі жіпті сіңіріп отырып тігіледі. Шебер неғұрлым жіптің өң бетте көрінбей тұруын қарастырады.

«Бұзау тіс», тұмарша орындалу жағынан қарапайым, жүрдек тігістер. Бұзау тіс екі жапсарды қосатын тігіс. Бұл әдіспен көбінесе қалың киіз, жабағы сияқты заттарды шеттестіріп тігеді. «Бұзау тіс» тігісі заттың шетін кезек түйреп алып, жапсардан өткізіп отыру арқылы орындалады. Тұмарша тігісін көбінесе орамалдың шетін жинауға қолданады. Бұл тігіс матаның шетін бекітіп, соның ізімен қайта жөрмеу арқылы орындалады.

Бүрме тігіс әр түрлі желбірлерді, қос етектерді бүре жап - сырғанда, бүрмелі жағаларға, етіктің басын қалыпқа салып ұлтарақшаға жапсырғанда, бір заттың шетін жинай тіккенде қолданылады. Бүрме тігістер көбіне екі қатар жүргізіледі. Мұнда иненің әрбір шаншымы сиректеу келеді де, жіптің бүре тартылуымен жиырыла тігіледі. Бүрмелердің қатпар жасалып, тізбелей жиырыла тігілуі мүмкін.

Есіп жөрмеу — көбінесе су таситын қарын, мес, матадан, кенептен тіккен сондай ыдыс қапшықтардың шеттерін тіккенде, кейде орамалдың шетін бүге тіккенде қолданылады. Ондай заттардың қусырындысын, шеттерін сол қолдың көмегімен ширата бүктемелеп отырып жөрмеп тігеді. Сонда шет бүктесін тігісі ескен сияқты болып өз - өзіне кіріге жұмырланып түседі.

Жапсырма тігу — бір заттың бетіне жамау салып жапсырғанда, әдіптердің шетін тіккенде, әдіп орнына лента сияқты кенерелі заттарды бастырғанда қолданылатын әдіс. Мұндайда жапсырылатын материалдың шетін түйреп шыққан ине астыңғы материалдың үстінен (жапсырмаға, жамауға соқпай, тек оның іргесінен ғана) төмен шаншылады да, үстіне қарай жапсырманы қоса түйреп шығып, алғашқы бағытын қайталай береді. Бұлай етіп тіккенде жапсырылған заттың шеті жинала басылып отырады.

«Қабырға» тігіс қол инемен көркемдеп тігу әдісінің бір түрі. «Қабырға» тігісімен ұзынды - қысқалы жарыса тігілген ұзын сызықтар арқылы ендіріме, бастырма, қабырға өрнектері тігіледі. Қабырға тігісі екі сызықтың арасымен немесе матаның бетіндегі тоқыманың белгілі бір жолағымен үнемі біркелкі етіп көлденең орай шаншып отыру әдісі арқылы тігіледі.

Киімнің бойын, шалбардың балағын, жеңді, олардың екі шетін жалғастыра тігу ісін қусыру деп атайды. Мұндай тігістерде жөрмеу, тепшу, қаю, өбістіру, тебе тігу сияқты тігіс әдістерінің түрлері қолданылады.

«Таңдай» тігіс — бұл да көркемдеп тігу істерінде қолданылатын әдіс. Оны үш сызықтың үстімен, үнемі қиғаш шаншып тігілетін «қос қабырға» мәнерімен орындайды. Мұндай кестелі тігістермен кимешектің жақтарын, жаға - қақпаларды, жеңнің аузын, кестеленген материалдардың шеттерін өрнектеген.

«Тышқан із» тігісі үш сызық арасымен, не шаршы сызықтар арасымен тігіледі. Алғашқы шаншымында инені төменгі сызықтан жоғары көтеріп үстіңгі сызықтан шаншып матаның астына түсіреді. Бұл кезде сол қолдың бармағымен ине жібін өзіне қарай тарта басып, іркінді ілмек жасайды да, инені босаңдау тартады. Ине үшінші шаншымында орталық сызық бойымен екі шаншым ілгері аттап іркіліп тұрған ілмек арасынан шығады. Инені келесі кезекте тартқанда ілмек ортасында сопақтау үш бұрыш жасалады. Тігіс осылайша қайталана береді. Халық бұрын ғылым мен білімге қолы жетпесе де, сұлулықпен әсемдікті таңдайда, талғай білген. өз тұрмысы мен мәдениетінде қолөнерді мұрат тұтып жетілдіре білген. Шеберліктің небір сән саласын асқан ұқыптылықпен көкірегінде қастерлей сақтап меңгеріп біздің дәуірімізге ұштастырған.

Халқымыздың сонау арғы кезеңдердегі мәдени өміріне көз жүгіртіп көрсек ерте заманда да он саусағынан өнері тамған іскер шеберлердің жасаған бұйымдары таңғажайып шежіре болып шертіледі. Олардың қолтаңбалары түскен өшпес салтанатына айналуда.

Біздің ата-бабаларымыз өздерінің қандай рухани қазынаға мұрагер екенін жете танымаған. Сол ол халықтың өтеуі халық қолөнерін зерттеу қалын қауымның игілігіне айналдыру біздің заманымызда жүзеге асырылып келеді. Сәндік қолөнері-халықтық мәдениет пен өнердің айқын көрінісі

өнегелі елден өнерлі, өнегелі бала туар-дейді халық мақалы. Көне де келешегі зор өнеріміздің өркендеуіне мемлекеттік маңыз беріліп, өмірімізде игілікті қозғалыс байқалуда. Мемлекетіміздегі қолөнер шеберханаларының өнімдерінің саны мен сапасының жақсаруы-оның бірден-бір айқын көрінісі деуге болады.

Біздің қаламызда өнерге байланысты жалпы мектептердегі тереңдетілген сыныптар, арнайы көркем-сурет, өнер мектептері, колледждер, жоғары оқу орындары жұмыс істеп, жастар арасында қолөнерді көркейту шараларын насихаттауға оқып үйретуге үлес қосуда.

Адамзат қоғамында бұрын соңды жасаған мұраны мәдени, жүйесі менгеруге, жалпы әсемдік рухани құнды игіліктерді бағалай білуге жастарды тәрбиелеу қашанда маңызды мәселе. Сондықтан халқымыздың келешегі үшін, оның өсіп-өркендеу, дамуы үшін жас ұрпаққа жақсы тәрбие беріп, өнер мен білімді үйреніп, мәдениетін көтеру қажет

Пайдаланылған әдебиеттер.

1. Әбдуәлиева Ш. Халық қолөнері. Алматы 1992ж.
2. Қасиманов С. Қазақ халқының қолөнері. Алматы «Қазақстан» 1995ж.
3. Марғұлан А.Х. Казахское народное прикладное искусство. Алматы «өнер» 1986ж том1, том2, том3.

G00054 18.11.2020

## **ОЮ-ӨРНЕКТЕРДІ ЖАБЫСТЫРУ АРҚЫЛЫ БҰЫМДАР ЖАСАУ**

*Салимбаева Камшат Муратовна  
Жамбыл облысы, Шу ауданы, Төле би ауылы, "Өнер мектебі"  
"Жапсырмалау" үйірме жетекшісі*

Сабақтың тақырыбы: Ою-өрнекті қию.

Сабақтың мақсаты: ою-өрнек туралы түсінік беру.

Білімділік: қазақ халқының ою-өрнек түрлеріне сипаттама беру.

Дамытушылық: ою-өрнектің тілін түсіндіру, сырына мән беру арқылы оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту.

Тәрбиелік: ою-өрнек арқылы оқушылардың ой-өрісін, білімін жан-жақты дамыту, халқымыздың асыл мұраларын, салт-дәстүрін, өнерін құрметтеуге тәрбиелеу.

Сабақтың түрі: Ойын сабақ.

Сабақтың әдісі: танымдық ойын, жеке, топпен жұмыс, түсіндіру, сарамандық жұмыс, топтастыру, миға шабуыл.

Сабақтың көрнекілігі: слайдтар, карточкалар, номерленген асықтар, «Ою-өрнектер», буклеттер, өрнектер салынған суреттер.

Пәнаралық байланыс: тарих, бейнелеу өнері, сызу, геометрия, математика.

Сабақтың барысы: I Ұйымдастыру бөлімі.

1. Оқушылармен амандасу, түгелдеу.

2.Сабақ құралдарын тексеру.

II «Ой ашар». Үй тапсырмасын тексеру (сұрақ-жауап арқылы оқушылардың өткен тақырыпты қалай меңгергенін анықтау).

- 1) Ою-өрнек дегеніміз не?
- 2) Ою-өрнектің шығу тарихы.
- 3) Ою-өрнектер неше топқа бөлінеді?
- 4) Ою-өрнектер қай жерде қолданылады?
- 5) Түстер қандай мағынаны білдіреді?

III Жаңа сабақ. «Брейн- ринг» ойыны. Жұмбақ шешу.

Оқушыларға нөмерленген карточка үлестіріледі. Асық ойыны ойналып қай номерлі асыққа тисе, сол номерлі сұраққа жауап береді. Түгел жауап берілгесін, сектор түгел ашылады. (қошқар мүйіз, бараний рог, қос мүйіз-соединенные рога)

Мүйіз оюы турады тоқталу.

IV Сарамандық жұмыс. (бүктеп көрсету)

Өткенді еске алып, ойға толам,

Сұрыптап тезге салып, көп ойланам,

Ой түбіне жете алмай титықтасам,

Қолыма қайшы алып, ою оям – деп Б. Момышұлы атамыз айтқандай біз де келесі сарамандық жұмыс бөліміне көшеміз. Жеке жұмыс. Өлеңдер айту.

V Мақал – мәтелдер. (жалғасын табу)

Мысалы:

1. Еңбек түбі – береке, Көптің ісі мереке.
2. Еңбек етсең ерінбей,  
Тояды қарның тіленбей.
3. Талаппен бастап, талғаммен аяқта.
4. Ою ойған, сызуда сызады.
5. Ою ойғанның ойы ұшқыр.
6. Еңбек етсең, емерсің

Ақ қағаздан қайшымен қиып алған ою - өрнектің шаблонын жапсырма қағаз бетіне қойып, қарандаш арқылы сызып түсіреміз. Оқушылардың жапсырма қағаз бетіне

түсірген ою - өрнектерін қайшымен қиып аламыз.

Камотекстің бетіне диагональ сызықтар

ын жүргізу арқылы центрлік нүктесін табамыз. Алынған оюды камотекстің бұрыштарына келтіріп, жапсырма қағазымызды жапсырамыз.

Қазаққа ұлттық нақыш беретін оның өзіндік ою - өрнектері.

Ұлттық ою - өрнектерді төрт топқа жатқызады:

Жан жануарлар тектес ою - өрнектер.

Қошқар мүйіз – қазақ оюының ең көне түрі. Сырмақ, текемет, алаша, клем, киіз былғары, сүйек, ағаш, зергерлік бұйымдарының бәрінде кездеседі.

Сыңар мүйіз – кең тараған ою - өрнек үлгісінің бірі. «Қошқар мүйіздің» тек бір жақ сыңарын ғана бейнелейді. Сырмақ, текемет, киім-кешектердің жиегіне істетіледі.

Түйе табан – түйенің басқан ізіндегі қос табаны сияқты дөңгеленіп келетін, S әріпі тәрізді күрделі өрнек. «Табақша өрнек» деп те аталады.

Түйе өркеш – түйенің қос өркешіне ұқсайтын өрнек. Әшекейленетін заттардың жиектеріне көбірек істетіледі.\

Қос қанатты – құстың қос қанатын кең жайып ұшқан бейнесіне ұқсайтын өрнек.

2. Гүл – жапырақ өсімдік тектес ою - өрнектер.

Гүл (жауқазын) – барлық гүлдің бірбеткей бейнесін бейнелейтін өрнек.

Көбелек – қанатын еркін жайып, көсіле ұшқан гүлді көбелектің үлгісіндегі өрнек. Шай дорбаға, аяққаптарға істетіледі.

3. Космогониялық ою - өрнектер.

Жұлдыз – аспандағы жыпырлаған жұлдыздардың натуралы қалпын бейнелейтін және бес жұлдыздың бейнесіне ұқсайтын өрнек.

4. Геометриялық ою - өрнектер.

Ботакөз – сыртқы пішіні ботаның көзіне ұқсап келетін ромбы тәріздес өрнек.

Қарға тұяқ – қарғаның басқан ізінің үлгісіне ұқсатылып жасалған өрнек. Алаша, кілем тоқуда пайдаланылады.

Тұмарша – үшбұрыш үлгілес болып келетін өрнек. Бұйымдардың жиектерін, ортасын көмкеруде кездеседі.

Өр ою - өрнектің астарында мағына болады. Мысалы: «қошқар мүйіз» оюы молшылықты меңзейді, «ағаш» оюы ынтымақ бірлікті, «ирек» оюы адамның өмір жолы, судың белгісі, «шеңбер» оюы жарық өмір жолы дегенді білдіреді.

IV Сергіту сәті. Бүгінгі сайсымызға екі топ қатысып отыр:

1. «Нәсер» тобы.

2. «Темір» тобы.

Мақал – мәтелдер жарысы.

Мысалы:

Еңбек түбі – береке,

Көптің ісі мереке.

Еңбек етсең ерінбей,

Тояды қарның тіленбей.

V Сарамандық жұмыс.

Өткенді еске алып, ойға толам,

Сұрыптап тезге салып, көп ойланам,  
Ой түбіне жете алмай титықтасам,

Қолыма қайшы алып, ою оям – деп Б. Момышұлы атамыз айтқандай біз де келесі сарамандық жұмыс бөліміне көшеміз.

Төртқұлақ - өрнектің ортасы жіліншік өрнегі тектес болып келетін, төрт тармағына мүйіз өрнегі қондырылған ең көне ою - өрнек түріне жатады.

Ақ қағаздан қайшымен қиып алған ою - өрнектің шаблонын жапсырма қағаз бетіне қойып, қарандаш арқылы сызып түсіреміз. Оқушылардың жапсырма қағаз бетіне түсірген ою - өрнектерін қайшымен қиып аламыз.

Камотекстің бетіне диаганаль сызықтарын жүргізу арқылы центрлік нүктесін табамыз. Алынған оюды камотекстің бұрыштарына келтіріп, жапсырма қағазымызды жапсырамыз.

VI Қорытынды.

1. Оқушылардың жұмыстарын тексеріп, жіберілген қателерін көрсету.
2. Жасалған бұымның нәтижесіне қарай бағалау.

VII Үйге тапсырма.

Қазақ халқының ою - өрнектерін басқа халықтардың ою - өрнектерімен салыстыру.

G00061 18.11.2020

## КОМПЬЮТЕРЛІК ГРАФИКА ЖӘНЕ ДИЗАЙН

*Марибаева Аймен Айтхановна  
Жамбыл облысы, Шу ауданы, Төле би ауылы, "Өнер мектебі"  
"Компьютерлік графика" үйірме жетекшісі*

Информатика пәніндегі компьютердің көмегімен кескіндерді өңдеу және редакторлеу әдістері компьютерлік графика деп аталады. Әр түрлі мамандықтардағы адамдар компьютерлік графиканы өз салаларында сәйкесінше қолданылады. Олар – әр түрлі қолданбалы және әр түрлі ғылыми аймақтардағы ізденушілер, суретшілер, құрастырушылар, компьютерлік беттеуші (верстка) мамандары, дизайнерлер, мультимедиа-презентацияларының авторлары, медицина мамандары, мата өнімдері модельерлері, фотографтар, сәулетшілер, теле және бейнемонтаж мамандары және т.б. Компьютер экранындағы кескіндер графикалық программалар арқылы құрылады және растырлық, векторлық редакторлар арқылы өңделеді. «Компьютерлік графика және дизайн» курсына иллюстрациялар құру және

кескіндерді өңдеуге яғни векторлық және растрлық бағдарламаларға басты назар аударылады.

Оқушылардың шығармашылық мәселесі жеке тұлға психологиясындағы негізгі мәселелердің бірі болып табылады. Оқушылар шығармашылығының байқалуы ұсынылған ойлау тапсырмаларын орындау сипаты арқылы анықталады. Оқушылардың шығармашылық іс-әрекетінің төмендегідей компонентерін ерекшелеуге болады:

- ішкі мотивациясының басымдылық рөлі;
- мәселені қою мен оны шешуде байқалатын зерттеу және шығармашылық белсенділік;
- шешімді болжай білу мүмкіндігі;
- жоғары талғамды өнегелі интеллектуалды бағалауды қамтамасыз ететін, идеалды эталондар құру қабілеті.

Ұсынылып отырған элективті курста оқушылардың шығармашылығын дамыту олардың танымдық іс-әрекетін ерекше жолмен ұйымдастыру арқылы жүзеге асады. Курс бағдарламасы оқушылардың зерттеу және шығармашылық ақуалын оятуға мүмкіндік беретін іс-әрекет түрлерін меңгеруге қажетті жағдайлар құруға негізделеді. Бүгінгі таңда Photoshop, CorelDraw программалары компьютерлік дизайн курсына жүзеге асырудағы қуатты программалардың бірі болып табылуда. Бұл курс мазмұны, оқушылардың қызығушылығын арттыру және келешектегі кәсіптік мақсаттарын жүзеге асыруға ықпал ету үшін құрастырылған. Бағдарлама осы аталған программаларды меңгеруге қажетті материалдар мазмұнынан тұрады. Курс аптасына 10-11 сыныптарда 1 сағаттан барлығы 68 сағатқа есептелген.

#### Мақсаты

- оқушылардың санасында әлемнің ақпараттық бейнесін қалыптастыру;
- іс-әрекет құралы ретінде компьютерді пайдалану мүмкіндіктері;
- компьютерлік интуицияны қалыптастыру;
- компьютерді практикада тек тиімді болған жағдайда ғана пайдалана білу іскерлігін қалыптастыру;

Операциялық ойлау стилін қалыптастыру: Ол төмендегідей іскерліктердің болуымен негізделеді:

- есепті формалдау;
- одан логикалық өзіндік бөлімін ерекшелеу, бұл бөліктердің өзара байланысын анықтау;
- технологиялармен орындауға қажетті шешімді жобалау;
- нәтижені анықтау;
- компьютер қамтамасыз ететін қазіргі технологияларды пайдалану арқылы оқушылардың белсенді шығармашылығын конструкторлық және зерттеу дағдыларын қалыптастыру;

- 10-11 сынып оқушыларына осы бағдарламалар құралдарын мысалға ала отырып, растрлық және векторлық графика туралы түсініктерін қалыптастыру және аталған программаларды жеке мақсаттарын жүзеге асыруда, болашақ кәсіби қызметтерінде еркін пайдаланатындай дәрежеде меңгеру.

Міндеттері:

- кескіндерді сақтау және тұрғызу принциптеріне тереңірек түсінік қалыптастыру;
- графикалық файлдардың форматтарын меңгеруге және оларды әр түрлі графикалық программаларда қолдануда пайдалану;
- компьютерлік графика негізін әр түрлі графикалық программаларда қолдануды қарастыру;
- графикалық программалар құралдарын пайдаланып оқушыларды өздерінің жеке кескін жұмыстарын құру және редакторлеуге үйрету;
- әр түрлі программалар арасында графикалық деректер алмасуға үйрету.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Макарова Н.В. Информатика (объектно-информационная концепция). Программа (для учащихся с 6-11 класс). СПб: Питер, 1999.
2. Календарно-тематическое планирование по информатике 1-11 классы Тен А.С., Кабулова Г.С., Т.К. Дауова, Алматы, 2005.
3. Авербух А.В. Изучение основ информатики и вычислительной техники. Пособие для учителя. М.: Просвещение, 1992.

*H00033 18.11.2020*

## **ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУДЕГІ КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ ЖҮЙЕСІНІҢ АРТЫҚШЫЛЫҒЫ**

*АМАНТАЕВА ГУЛЬЖАНАТ*

*Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы, Қандыағаш қалалық  
№1 ЖББОМ Бастауыш сынып мұғалімі*

Елбасымыз Н.Ә Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламасында «табысты болудың ең іргелі басты факторы білім екенін әрқайсысымыз терең түсінуіміз керек... Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді», - деген. Ел ертеңі – жас ұрпақтың қолында. Ендеше, бүгінгі ұстаздар қауымына қойылатын талап та жоғары болмақ. Олар жан-жақты, әлемдегі жаңалықтардан мағлұматы бар, үнемі шығармашылық ізденістегі, кәсіби біліктілігін шыңдайтын жеке көзқарасы бар, соны қорғай білетін жігерлі тұлға, зерттеушілік қабілеті бар, білімді де білікті,



көп оқитын, көп тоқитын, білімін өз тәжірибесінде шебер қолдана білетін, өзінің оқушысын өз бетінше білім алуға баулитын кәсіби маман иесі болуы керек. Бұл өмір талабы.

Жаңартылған білім берудің маңыздылығы – оқушы тұлғасына үйлесімді, қолайлы білім беру ортасын құра отырып, оны сын тұрғысынан ойлап, зерттеу жұмыстарын жүргізіп, тәжірибе жасап, АКТ-ны қолданып, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білетіндей, функционалды сауатты, шығармашылықпен жұмыс жасай алатындай дәрежеге жеткізу. Жаңартылған білім беру бағдарламасының ерекшелігі спиральді қағидатпен берілуі. Спиральділік қағидаты бойынша құрылған оқу бағдарламасы Джером Брунердің «Білім беру үдерісі» (1960) атты еңбегінде қарастырылған танымдық теорияға негізделеді. Критериалды бағалау кезінде оқушылардың үлгерімі алдын ала белгіленген критерийлердің нақты жиынтығымен өлшенеді. Оқушылардың пән бойынша үлгерімі екі тәсілмен бағаланады: қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалау. Бұл бағалау жүйесінің артықшылығы, баланың ойлау қабілетін дамытып, ғылыммен айналасуға ынтасын оятады. Қалыптастырушы бағалау күнделікті оқыту мен оқу үрдісінің ажырамас бөлігі болып табылады және тоқсан бойы жүйелі түрде өткізіледі. Қалыптастырушы бағалау үздіксіз жүргізіле отырып, оқушылар мен мұғалім арасындағы кері байланысты қамтамасыз етеді және балл немесе баға қоймастан оқу үрдісін түзетіп отыруға мүмкіндік береді. Жиынтық бағалау оқу бағдарламасының бөлімдерін (ортақ тақырыптарын және белгілі бір) оқу кезеңін (тоқсан, оқу жылы, орта білім деңгейі) аяқтаған оқушының үлгерім туралы ақпарат алу мақсатында балл және баға қою арқылы өткізіледі. Қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалау барлық пәндер бойынша қолданылады. Критериалды бағалау жүйесі Филиппин, Сингапур, Жапония, Франция, Финляндия сынды дамыған елдерде пайдаланылады. Осы мәселе аясында «Балалар ХХІ ғасырда табысты болу үшін нені оқыту керек?» және «Оқытудың тиімді әдістері қандай?» деген сияқты негізгі сауалдар туындайды. Бұл сауалдар оқу бағдарламасымен және оқу бағдарламасын жүзеге асыруда пайдаланылатын педагогикалық әдістемелермен тығыз байланысты. Қарқынды жаһандану, сондай-ақ, ұлттық экономикаға да ықпал етуде және қазіргі уақытта экономикалық дамуды қамтамасыз етуге бағытталған халықаралық бәсекелестік артты. Білім беру жүйесін жаңартуға арналған бұл экономикалық дәлелдерге қоса, қазіргі жиырма бірінші ғасырда басқа да негіздер бар: байланысқа бейімділікті арттыру, әлеуметтік өзгерістер, ауа райының өзгеруімен байланысты мәселелер, бүкіл әлемдегі халықтың қарқынды өсуі, заманауи әлеммен өзара табысты байланысу үшін қажетті және келешек күннің әлемімен өзара байланысу үшін қажетті дағдыларды қазіргі таңдағы мектеп жасөспірімдері талап ететін шектеулі ресурстарға деген сұраныстың өсуі. Сондықтан оларға заманауи бағдарламалар мен оқыту әдістемелерін, білікті

мамандар ұсыну маңызды. Орта білім жүйесінде жалпы білім беретін мектептерді Назарбаев зияткерлік мектептеріндегі оқыту деңгейіне жеткізу керек. Мектеп бітіруші түлектері қазақ, орыс және ағылшын тілдерін білуге тиіс. Оларды оқыту нәтижесі оқушылардың сындарлы ойлау, өзіндік ізденіс пен ақпаратты терең талдау машығын игеру болуға тиіс» деп атап көрсеткеніндей, қазіргі таңда елімізде жаппай білім беру мазмұны жаңартылуда. Жаңартылған бағдарлама бойынша әлемдік білім беру жүйесі бәсекеге қабілеттілікке қарай білім алушыны баулу, қоғамнан өз орнын таба білетіндей сапалы маман болуына бағытталынған.

Критериалды бағалау технологиясын енгізудің мақсаты:

- Мектепте оқыту сапасын жоғарылату
- Мектеп бітірушілердің білімін халықаралық стандартқа сәйкестендіру.

Критериалды бағалаудың басты артықшылығы:

- алдын-ала ұсынылған бағалау шкаласы;
- анық, айқындылығы;
- бағаның әділдігі;
- өзін бағалауға мүмкіндіктің берілуі

Критериалды бағалау технологиясы арқылы бағаның қойылуы:

- Критерий бойынша оқушының оқу жетістіктерінің деңгейі белгіленеді
- Нақты балдар немесе бағалар қойылады

Анықтамасы :

Критериалды бағалау технологиясы-бұл білім берудің мақсаты мен мазмұнына негізделген оқушының оқу- танымдық құзырлығын қалыптастыруда алдын-ала белгіленген жетістіктермен салыстыру үрдісі .

Бағалауды қолданудың екі тәсілі:

-Қалыптастырушы бағалау- ( formative) баға жақсарту мақсатында жасалатын қадамдарды анықтау үшін ағымдағы жағдай туралы мәліметтер алуға қолданылады.

-Жиынтық бағалау- (summative) өтілген кезең бойынша зерделенген материал мөлшерін анықтауға қолданылады.

Қалыптастырушы бағалау

Қалыптастырушы бағалау –сабақта күнделікті жүзеге асатын, білім мен дағдыны меңгеру деңгейін анықтайтын бағалау. Қалыптастырушы бағалау білім беру процесінде оқушы мен мұғалімнің арасындағы өзара тығыз байланысты жүзеге асырады. Сонымен қатар, оқушыларға жаңа материалды меңгеруде тапсырмаларды қаншалықты дұрыс орындағандығын білуге және оқытудағы мақсаттар мен міндеттерді орындауға мүмкіндік туғызады (ауызша сұрақ, жазба, практикалық жұмыстар т.б.)

Қолданылуы:

- Негізгі бағалауда барлық критерийлер барынша қолданылуы керек.

-Критерий оқушының жас ерекшелігіне, бағдарламаға сай алынады.

-Әрбір жетістік балмен және дескриптор арқылы белгіленеді.

-Тоқсан соңында әр критерий бойынша негізгі бақылаудан алынған орташа балл есептелінеді.

Негізгі ұстанымдар

-Бағамен оқушының жұмысы бағаланады.

-Дескрипторлар оқушыға алдын-ала белгілі. болуы шарт.

-Оқушы өз білім деңгейін анықтай алуы қажет.

-Нақты білімділік мақсатты бағалауы қажет.

Жиынтық бағалау (суммативное оценивание):

-Жиынтық бағалау белгілі бір тақырыпты қорытындылау мақсатында орындалады.

-Мазмұны оқылған материалды қамтуы керек.

-Жиынтық бағалаудағы оқушының алған бағасы тоқсандық баға болып табылады.

Критериалды оқытудың маңыздылығы:

Мұғалім үшін:

Әрбір оқушының өзгешелігін ескере отыра жеке білім алу траекториясын құру.

Оқушы үшін:

Берілген бағалау критерийлерін түсіну, қолдану, жұмысын бағалай білуі.

Ата-ана үшін:

Баланың білім алуындағы өсу деңгейін қадағалауы.

Критериалды бағалау технологиясының артықшылығы:

-Нақтылық

-Әділдік

-Ынталандыру

-Белсенділік

-Жеке тұлға

Критериалды бағалау технологиясының оқытуды жақсартудағы 5 қағидасы

-Оқушылармен кері байланысты тиімді қамтамасыз ету.

-Оқушылардың өзіндік оқуға белсенді қатысуы.

-Бағалау нәтижелерін ескере отырып, оқытуды өзгерту.

-Оқушылардың өзін-өзі бағалауы.

-Өздерінің оқуын қалай жақсартуға болатындығын түсіну қажеттігі.

Бағалаудың мақсаты

-Оқытудың қиындықтарын анықтау;

-Жетістіктер туралы кері байланыс (оқушылар, мұғалімдер және ата-аналар үшін);

-Болжау және сұрыптау;

-Стандарттарды бақылау және орындау;

-Оқыту бағдарламасының мазмұнын және білім беру стилін бақылау.

Қалыптастырушы бағалау

Мұғалім үшін-

-оқытудың келесі деңгейін жоспарлау үшін тексеру жұмыстарының нәтижесін қолданады;

-оқушыға білімін арттыру үшін пайдалы кеңестер береді;

-жұмыс нәтижесі бойынша әр оқушыға жеке-жеке мақсаттар қояды.

Оқушы үшін-

-өз қатесі негізінде үйренуге көмектеседі;

-маңыздыны түсінуге көмектеседі;

-қолынан не келетінін түсінеді;

-білмейтін тұстарын анықтайды;

-нені істей алмайтынын түсінеді.

H00031 18.11.2020

## HOBBIES AND LEISURE

*Сариева Слушаи Елеусизовна*  
 Актюбинская область Иргизский район  
 Иргизская общеобразовательная средняя школа №2  
 Учитель английского языка

<b>Unit of a long term plan</b>	<b>Мектеп:</b>	
<b>Date:</b>	<b>Мұғалім:</b>	
<b>CLASS: 7</b>	<b>Number present:</b>	<b>absent:</b>
<b>Lesson title</b>	<b>Hobbies and Leisure.</b>	
<b>Learning objectives(s) that this lesson is contributing to (link to the Subject programme)</b>	7.C4 evaluate and respond constructively to feedback from others 7.S2 ask complex questions to get information about limited range of general topics and some curricular topics 7.W8 spell most high-frequency vocabulary accurately for a growing range of familiar general 7.R1 understand specific information and detail in texts on a range of familiar general and curricular topic 7.L1 understand with little support the main points in extended talk on a limited range of general and curricular topics	
<b>Level of thinking skills</b>	Comprehension, Application, Evaluation	
<b>Lesson objectives</b>	To do reading, listening, speaking and grammar exercises on hobbies and leisure.	
<b>Assessment criteria</b>	Special descriptor for each task.	
<b>Differentiation</b>	More able students perform tasks on their own	
	Less able students are supported with pre-doing activities first	
	Most able students perform tasks on their own	
<b>Values links</b>	The strategy “MangilikYel”	
<b>Cross-curricular links</b>	Art, Sport, Music	

Previous learning		Hobbies and Leisure										
Plan												
Planned timings	Planned activities (replace the notes below with your planned activities)		Resources									
Start 5mins	<p><b>Organization moment.</b> Checking for their attendance and home task Teacher announces them today’s lesson devotes to revision of all materials they have covered by performing exercises individually</p>		copybooks									
5mins  2mins	<p>• Speaking skill Give students a sheet of handout where wh-question is asked to know about their leisure and hobbies. Give them 2 minutes to prepare. As soon as they finish preparation identify A and B student in a pair work. A student starts first then B student. Set time for each candidate by 2mins to answer a question. Remind them to extend their response using new words from previous lessons.</p> <p><b>Peer assessment</b></p> <table border="1" style="width: 100%; border-collapse: collapse;"> <thead> <tr> <th colspan="3">Descriptor</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td style="width: 5%;">1</td> <td style="width: 70%;">Used time very well</td> <td style="width: 25%;"></td> </tr> <tr> <td>2</td> <td>Gave extended answer with at least 5 words.</td> <td></td> </tr> </tbody> </table>		Descriptor			1	Used time very well		2	Gave extended answer with at least 5 words.		Sheet of handout  Descriptor
Descriptor												
1	Used time very well											
2	Gave extended answer with at least 5 words.											
5mins	<p><b>Listening skill</b> <i>Loot at the photo. What is the name of this sport. A. skiing B. ice skating C. snowboarding. Listen to part 1 of an interview with 17-years old snowboarding star, Jet Bright. Put the interviews questions in the correct places.</i> a Do your parents travel with you? b Do you do any other sports? C Do you enjoy competitions? D Does Nathan take part in the competitions? Interviewer 1. -----</p>		Recorder  Handout									



Most able students are given about 15 words which they have to make up an interesting story using all these words in correct form of present simple tense.

Descriptor	
Use correct form of present simple tense	
Finish on time	

**Reading skill**

Read the text “Are you Couch potato?”

Do you watch TV or play video games during your free time? Do you eat junk food and drink soft drinks when you watch TV? Change your couch potato habits and become a healthy teen.

- Exercise is wise. It helps you look good and feel happy. When you have some free time, go cycling or play basketball with your friends. It is lots of fun and you get plenty of exercise, too!

- Your favourite series is on and you feel hungry.

Instead of biscuits and sugary soft drinks get a bowl of fruit with a glass of juice. They are delicious and don't contain fat. They are tasty, too!

- When you don't feel like going out, turn on the radio, find your favourite tune, and start dancing. It's fun!

**Complete the sentences.**

- 1 Change your couch potato habits and .....
  - 2 Exercising helps you look good and .....
  - 3 In your free time, you can .....
  - 4 While you're watching TV, don't eat ..... or drink .....
  - 5 Instead you can have .....
- .. .



	6 While at home, you can turn on the radio and start ..... Hold short time discussion.	
End	<b>Concluding the lesson</b> <b>Assessment</b> Self-assessment chart <b>Giving the homework. Writing skill</b> How can someone avoid being a couch potato? They write recommendation on their copybooks	
<b>Additional information</b>		
<b>Differentiation – how do you plan to give more support? How do you plan to challenge the more able</b>	<b>Assessment – how are you planning to check learners’ learning?</b>	<b>Health and safety check</b>
More able students will perform tasks on their own	Group, peer and individual assessment were used using special assessment descriptor.	
Less able students are supported with pre-doing activities first Most able students perform tasks on their own		
What two things would have improved the lesson (consider both teaching and learning)? 1: Pair work 2: “TTT”- methods What have I learned from this lesson about the class or individuals that will inform my next lesson? To teach students to use adverbs of frequency correctly in their sentences		

H00046 18.11.2020

## **МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ТІЛІН ДАМУДАҒЫ ЖАТТЫҒУЛАР**

*ТУЯКОВА САНДУГАШ АШИМХАНОВНА*

*Түркістан облысы. Шымкент қаласы. Еңбекші ауданы.*

*№38 "Қуаныш" бөбекжай бақшасының тәрбиешісі*

Балабақашадағы оқыту- тәрбиелеу жұмысында балалардың тілін дамыту, сөздік қорларын молайту, ауызша сөйлеуге үйрете отырып, үйренген сөздерін күнделікті өмірде еркін қолдану, одан әрі күнделікті іс- әрекет кезіндегі тілдік қарым- қатынаста қолдана білуге жаттықтыру ісіне ерекше мән берілген. Мектеп жасына дейінгі кезеңдегі балалармен сөздік жұмысын жүргізу ісі- тіл дамытудың негізгі бір міндеттері болып есептелінеді. Біз балалармен сөздік жұмысын жүргізе отырып, оларды айналасындағы заттармен таныстырып, атын атай білуге, қасиеті мен сапасын, түр- түсін және пішінін ажырата білуге, өмірдегі, қоршаған ортадағы түрлі құбылыстар жайындағы ұғым, түсініктерін дамыта отырып, белсенді түрде тілдік қарым- қатынас жасай білуге үйретеміз. Мектеп жасына дейінгі балалардың сөздік қорларын дамыту ісінде тәрбиешінің: -балалардың сөздік қорларын дамыту; -жаңа сөздерді меңгерту; -үйреген сөздерін тиянақтап, анықтап, әрі байытып отыру басты міндет саналады. Осы аталған міндеттерді тәрбиеші үнемі сөздік жұмысын жүргізуде басшылыққа алып отыруы тиіс. Балалардың сөздік қорын молайтуда ойын, тапсырма жаттығулардың орны ерекше. Соның ішінде ойын- баланың шын тіршілігі. Ойын арқылы бала айналасындағы нәрседен өзіне қызықтысына ықыласы ауып, таңдап алады. Баланың бір ерекше қасиеті сөйлеуден еш жалықпайды. Ойын бала тілінің дамуына ықпалын тигізіп, таным белсенділігінің дамуына жол ашады. Қай бала болмасын ойынмен өседі, өйткені бала табиғатының өзі тек ойынмен байланысты. Ойын үстінде бала еш нәрсеге тәуелсіз. Ол өзін еркін ұстайды. Ал еркіндік дегеніміз барлық дамудың баспалдағы, бәрін білуге деген талпынысы мен құлшынысы. Баланың білуге деген құштарлығы, сөйлеуі ойын үстінде қалыптасады. Халық даналығында «Ойнай білмеген, ойлай да білмейді», «Ойында озған, өмірде де озады» деген аталы сөздер сырына жүгінсек, мектепке дейінгі жастағы баланың ойынға деген құлқы, қарым- қатынасы, мінез- құлық көріністері олар өсіп- есейгенде де жалғасы береді. Ойын барысында бала өзін қоршаған үлкендер сияқты, өзінің сүйікті әңгімелері мен кейіпкерлері сияқты өмір сүреді, әрекет жасайды. Ойынды қолданумен бірге ойлауға, тілді дамытуға, шығармашылық әрекетін байытуға бағыт алады. Баланың ойын кезіндегі қимыл- қозғалысы дене бітімін

жетілдірсе, ал қарым- қатынастағы пайымдаулары өзіндік таным- түсінік, мінез- құлық әдептерін бекітуіне әсер етеді. Бала ойын арқылы бір әрекеттен екінші әрекетке ауыса отырып, өзіне түрлі ақпараттар алады, дүние сырын ашады. Мектепке дейінгі тәрбиеленушілерде педагогикалық процестер барысында баланың көңіл-күйін анықтап, психологиялық мотивтерді туындатып, жағымды мінез- құлық дағдыларын қалыптастыру көзделеді. Психологиялық жаттығулар баланы үлкендермен және достарымен қарым- қатынас мәдениетіне тәрбиелеп, өз пікірлерін айтып жеткізе білуге көмектеседі. Ойын жаттығулар арқылы баланың білімділік дағдыларын күнделікті іс- әрекетте қолдана білу мүмкіндіктері қарастырылады. Психологиялық ойын- жаттығулар баланың жан дүниесінің, рухани жай-күйінің үйлесімді дамуына ықпал етеді. Баланың сезім әрекетін, әсерленушілік деңгейін анықтау үшін қолданылады. Ойындардың негізгі мақсаты балалардың ықылас зейінін, сөздік қорын, байқампаздығын, есте сақтау, қабылдауын дамытуғы, икемділікті арттыруға, өзінің жеке құрбыларының іс- әрекетін бағалай, құрметтей, өз ісінің дұрыстығын дәлелдей білуін анықтау, қалыптастыру. Ойынға зер салып, ой жүгіртіп қарар болсақ, сол ойындардан үлкен де мәнді, мағыналы істер туындап өрбитінін байқаймыз. Өйткені ең алдымен не нәрсенің болсын жөн бастар қайнар көзі болатыны белгілі. Сондықтан да ойын бала бойындағы қандай да бір өнердің бастауы деп білеміз. Сонымен балалардың сөздік қорларын дамытуда ойындарды, тапсырма- жаттығуларды қолдану үлкен нәтиже береді. Ойын арқылы балалардың сөздік қоры дамып, ауызша сөйлеу машығын игереді., таным белсенділіктері қалыптаса түсіп, ақыл- ойы өсіп жетіледі, әрі адамгершілік қасиеттер бойына сіңіреді. Ұрпақтан ұрпаққа жалғасын тауып келе жатқан, әрі үлкен мәні бар мәдени шығармашылық- саусақ ойыны. Саусақ ойынын ойнай отырып, балалар қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстарды, жан- жануарларды, құстарды, ағаштарды т.б көптеген бейнелерді бейнелей алады. Ал тіл кемістігі кездесетін балалардың жалпы қимылдары, соның ішінде бұлшық етінің қимылдары жеткілікті деңгейде дамымайды. Сөйлеу тілі мүшелері әрекетінің қозғалуларының дамуы қол саусақтарының нәзік қимылдарының дамуымен тығыз байланыста болғандықтан, бала қолының ептілігін толық жетілдіру, түзеті- тәрбие жұмысын жүйелі жүргізуді қалайды. Мен өзімнің оқу іс-әрекеттерімде тілдік жаттығу түрлерін қолданамын. атап айтсақ: Ағайынды аралар, Шегіртке, Маса, Әжемнің әлди, Аюдың ақыруы, Жыланның ысылы, «Кім қалай дыбыстайды?» т.б.. Сөйлеу тілі қарым-қатынастың қажетті бөлшегі болып табылады және оның барысында қалыптасады.

Сөйлеу тілі баланың ойлау және қиялдау қабілеттерін қалыптастырумен тығыз байланысты.

Ойындағы қарым-қатынас – бұл қажетті негіз, оның шеберінде баланың сөйлеу белсенділігі қалыптасып, жетіледі.

Сөйлеу белсенділігінің әр алуан түрлерін (диалог, монолог, жазбаша) дамытуға бағытталған сөздік ойындар әрбір балаға оңай және еркін түрде зияткерлік бастамасын көрсете алуға мүмкіндік туғызады.

Балалармен күнделікті жұмыстың негізгі мақсаты – күнделікті қарым-қатынаста ана тілін дамыту.

Жұмысымдағы негізгі міндеттердің бірі балаларды ана тіліне үйрету болып табылады.

Баланы қызметтің қандай да бір түріне итермелеусіз дамытуға болмайды. Сондықтан балаларды ана тіліне режимдік үдерістер барысында, ойындарда, күнделікті өмірде оқытып келеміз.

Сондай-ақ ойын қызметінің элементтерін қолдана отырып, нақты айтқанда, сөздік ойындарға сүйене отырып, түрлі әдіс-тәсілдерді қолданамыз.

Алдымен балаларды есту қабілеттерін дыбыстар мен туған тілінің сөздеріне дағдыландырамыз. Бім арқылы қазақ тіліндегі өтініштерді (бер кел, отыр, бер және т.б.) түсіне білуге үйреттік. Дыбыстарды бөлек айтуға үйренген соң, сол дыбыстар бар сөздерді айтқызамыз; одан соң сол дыбыс жиі кездесетін сөздерден тұратын әндерді, өлеңдерді айтқызамыз.

Балалардың жаңа сөздерге қызығушылықтарын арттыру, оларды жылдам есте сақтауы үшін мен сиқырлы сандықша жасадым. Оның ішінде біз атауларын балалар қазақ тілінде атаған заттық, сюжеттік суреттерді жинаймыз.

Кейін ұлттық киімдегі қуыршақты пайдалана отырып, жағдаятты ойындарды қолдана бастадым. Бұл диалог арқылы сөйлеу тілін дамытуға мүмкіндік берді.

Серуен кезінде «Қараторғай», «Аю тұрған орманда», «Сұр көжегім отырады» «Серуенге тауық шықты», «Себетті біз аламыз» көріністерін көрсетумен қозғалмалы сөздік ойындарын қолданамын. Құммен ойнау кезінде:

Бауырсақты пісірем, пісірем

Балаларға бір-бірден

Ал аяулы анама екі тәтті тоқаштан

Дау-дамай кезінде татуластыратын күлкілі өлеңді қолданамын:

Татуласамыз, татуласамыз.

Бүгіннен біз дос боламыз

Жуынатын кездеқолданатын жаттығу: «бын,-бын,-бын Қолымда сабын»

Менің ойымша, бірлесіп жұмыс жасау түрлерін ұйымдастыру балаларды белсенді сөйлеу тіліне ынталандырады. Нәтижесінде әр балада сөйлеу айтылымдарын құрастыруға талпынысы пайда болады. Сөйлеу техникасына арналған жаттығулар тәрбиешінің шығармашылығына үлкен үлес қосады.

H00047 18.11.2020

## ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

*ТЕМИРОВА АДИА АСЛАНОВНА*

*Түркістан облысы. Шымкент қаласы. Әл-Фараби ауданы  
№14 Айбек атындағы ЖОБМ. Музыка пән мұғалімі*

Қазіргі уақытта Қазақстанда білім жүйесінде жаңа ақпараттық технологиялар кеңінен қолданыла бастады. Ақпараттық технологияларды және компьютерлік желі арқылы жаңа білім әдістерін пайдалану кеңейтіліп келеді. Жаңа ақпараттық технологияларды білім жүйесінде қолданудың ең маңызды факторы негізгі қозғаушы күші — адам, сол себепті білімнің негізгі принциптері іске асырылуы тиіс. Осыған байланысты адамның шығармашылық потенциалын дамыту үшін қажетті жағдай жасалуы тиіс.

«Білім саласындағы жаңа коммуникациялық технологиялар» түсінігі компьютерлік техника және электрондық анықтамалық жүйелері мен адамның әрдайым жаңа оқыту әдістерін ізденуінен пайда болады. Оны оқыту әдіс-тәсілі уақыт талабына сай өзгеруде. Қазіргі уақытта дидактикада инновациялық оқыту кеңінен қолданылуда. Инновация – бұл жаңалықтардың таралуы және құрылуы. Қазіргі педагогиканың негізгі тенденциясы оқытуды өнеркәсіптік-технологиялық процеске айналдыру үшін дидактикалық жолын және құралын табу болды. Бұл ізденіс «педагогикалық технология» деген ұғымға әкелді. ХХІ ғасырда ақпарат жүйелерінің өркендеп, ғарыштап дамып келе жатқанын білеміз, өнеркәсіп пен ортаның дамуының негізгі құралы болып ақпараттық ресурстар табылады. Сауатты өмір – дамудың жаңа фазасына енеді, бұл жаңа сауатты оқыту технологиясын құруға біртіндеп көшуді талап етеді. Оқытудың жаңа технологиясына көшу ұзақ уақыт алады. Компьютерлік технология білім ортасына ене отырып, оқыту процесін жақсарту үшін құралдар мен әдістерді қолдануға әкеп соқтырады. Негізгі базалық білім беру аймағында қызмет көрсету жағынан да қашықтан оқыту мүмкіндіктері үкімет тарапынан қолдау тауып жатыр. Осы технологияны пайдалану ауылдық жерлерді де жылдам ақпараттандыруға көмектесуде. Оқыту процесінде қолданылатын жаңа әдістердің бірі қашықтан оқыту әдісі болып табылады.

Қашықтан оқыту – ақпараттық құралдар және ғылыми негізделген тәсілдер арқылы білім алу формасы. Қашықтан оқытуда екі компонент бар: оқытуды басқару және өз бетімен білім алу.

Мұғалімдердің алдын – ала дайындау және ұйымдастыру шаралары жүргізілмесе, программалық қамтамасыз етілмесе оқушылардың білімі жоғарламайды. Өйткені оқушының білімін, үлгерімін көтеруіміз үшін

оқытушының біліктілігін көтеруіміз керек. Қашықтан оқыту бұл мұғалімнің біліктілігін көтереді, оқушының өз бетімен білім алуын қалыптастырады, ата-аналардың жаңа технологияға деген көзқарасын өзгертеді.

Қашықтан оқытудағы мұғалімдердің біліктілігін көтерудегі артықшылықтары:

- экономикалық, оқытуға кететін жалпы шығыны 40% кемиді;
- коммерциалық, қашықтан оқыту, технологиясы және оны қолдану болып табылады, оған деген сұраныс күннен-күнге өсуде;
- педагогикалық, оқыту мативациялық, интерактивті, технологиялы және индивидуалды болып келеді;

эргономикалық, қашықтан тыңдаушылар және мұғалімдер айналысуға өзіне ыңғайлы уақыттың кестесін қоюға мүмкіндігі бар;

коммуникативті, электронды желілері арқылы байланысатын педагогтардың, тыңдаушылардың мамандықтар саны көбеюде.

Мұғалім оқушының ішкі жан – дүниесінің сырын ашып, оның симпатикалық ынтасының дамуына жағдай тудырып отырады. Қазіргі заманда білім жүйесінің заман талабына, уақыттың сұранысына қарай ғарыштап дамуы, әрбір педагогтан сабақты ғылыми жобада жасауын талап етеді. Сабақты ғылыми жобада жасай білген мұғалім оқушы жүрегіне жол тауып, оның сабаққа деген қызығушылығын арттырып, мұғалім мен оқушы арасында түсінушілік пайда болады. Мұғалімнің коммуникативті дамуы: оқушыларды тыңдау, олардың көзқарасын түсіне білу, сын жасай білу, әңгіме, ұйымдастыра білу керек. Әрбір мұғалімнің бойында шартты рефлексиялық қасиеттер қалыптасуы керек: балаларды оқытуды өзінің тәсілін жұмысында қолданып, қиын жағдайларда шешімін тауып, шыға білу керек. Қашықтан оқыту курсы осыған бағытталған. Қашықтан оқытуды екі негізгі бөлікке бөлуге болады: техникалық және дидактикалық. Оның құралы болып телекоммуникациялар, аудио және видео жазбалар, жергілікті және ауқымды компьютерлік желілер. Ұйымдасқан – дидактикалық құрылымда қашықтан оқыту оқытудың негізгі компоненті болып табылады, оқушылардың өз бетімен білім алуы.

Ақпараттық технология жақсы дамығанымен ол оқытудың басты құралы болып есептелмейді. Ол үшін оқу бағдарламасында және оқыту әдістеріне өзгеріс енгізу керек. Жаңа технологияны қолдану мұғалімдерге дайындық жұмыстарына көп уақытты керек етеді. Әрбір мұғалімнен ізденуді, шығармашылық жұмыс жасауды, алыс – жақын шетелдердің озық тәжірибелерімен танысуды және оның күнделікті өмірде қолдануды қажет етеді.

Бұл оқыту құралының күштілігі соншалықты, онымен бірге басқа колледждермен оқытудың жаңа түрлерімен, оқыту әдістерімен алмасады. Колледжде телекоммуникация тақырыбын оқыту мүмкіндігі бар. Әдістемелік

кешен, мұғалім мен оқушыға қажетті бағдарлама, қазақ тіліндегі оқулықтар мен көмекші құралдары жеткіліксіз. Пән мұғалімдерінің Интернетті осы уақытқа дейін аз қана пайдаланып, тіпті қолданбағандары да бар. Колледждер жаңа ақпараттық технологиялармен жабдықталғанымен, мұғалімдердің осы тақырып бойынша білімін жоғарылататын, яғни мұғалімдерді дайындайтын курстар жеткіліксіз. Ал, жалпы білім беру ісі жөнінен басқа озық елдердің тәжірибесін зер салып отыру, өзінің білімін жоғарылату, жаңашылдық, озат тәжірибе, компьютерлік коммуникацияны үйрену – әрбір пән мұғалімінің кәсіптік міндеті, қажетті парызы. Қаншалықты барлық құралдар жеткілікті болғанымен, пән мұғалімінің білімі төмен болса, оқушылардың телекоммуникация жөніндегі білімі төмендеп, болашақта Қазақстандағы телекоммуникациялық ортаның дамуына әсерін тигізеді.

Білімнің қайнар көзі оқулықта. Кітапханалар, оқу кітаптарының жетіспеушілігінен оқушылардың білімдері толық жеткілікті емес. Қазіргі кезеңде оқулықтар теориясы, оқытудың жаңа ақпараттық технологияларымен жобалау әдістемесі жасалуда.

Оқушылар қашықтан оқу арқылы өз білімдерін жетілдіре алады және ақпарат жүйелерін пайдалану мүмкіндігі артады. Мысалы керекті әдебиеттер мен оқу кітаптарын іздеу, бақылау және тестік тапсырмаларды орындау, лабораториялық жұмыстар, дайын баяндамалар, қашықтан олимпиадаға қатысу оқушының шығармашылық потенциалының дамуына әсер етеді.

Әр елде, қалада орналасқан оқушылардың қашықтан оқытуға қатысуы шығармашылық бірігу және жарысу эффектісін береді. WEB – беттер жасауда оқушылар өздерінің жұмысын желіден көріп оқушы ғылыми, суретші немесе басқа шығармалардың авторлары болады. Өзінің жұмыстарын жақсы, қызықты етіп көрсету үшін олар гипермәтіндермен, графикамен, дыбыстармен жұмыс істейді. Қашықтан оқуда оқушылар мәдениет арасында байланыс орната алады. Басқа елмен сұхбаттасу үшін сол елдің мәдениетін жақсы білу керек. Сонда мәдениеті, білімдері, діни бөлек оқушылар емін-еркін ақпарат алмаса алады. Басқа елмен байланысу үшін алдын ала оқушының психологиясын дайындау керек. Ол үшін әр түрлі тренинг өткізу керек. Бұл тренингте басқа елдердің мәдениетімен, олардың арасындағы айырмашылықтарды таныстыру бағытымен өтеді. Оларда мезгіл уақыттары мен уақыт арасында айырмашылық болады. Осы жерде электрондық конференциялар көмектеседі, одан керекті ақпаратты алуға болады. Қашықтан оқыту оқытушылар үшін де, оқушылар үшін де тиімді екенін уақыт дәлелдеді. Қашықтан оқыту жүйесіне ата-аналардың көзқарасы жақсы қалыптасып келеді. Әсіресе ата-аналар үшін қашықтан оқыту материалдық жағдайының тиімді болуын қарастырады.

H00048 18.11.2020

## **БАЛАЛАРДЫ МЕКТЕПКЕ ДАЯРЛАУДА МНЕМОТЕХНИКА ӘДІСІНІҢ ЕРЕКШЕЛІГІ**

*ОРДАБЕКОВА ЗАБИРА ГАЗИЗОВНА*

*Қарағанды облысы Ақтоғай ауданы "Ақши негізгі орта мектеп" КММ.  
Мектепалды даярлық сыныбының мұғалімі*

Мнемоника (гр. mnematik - есте сақтау өнері) - табиғи ассоциациялар жасау көмегімен есте сақтауды қамтамасыз ететін, жасанды түсініктер арқылы қажетті мәліметтерді еске сақтауды жеңілдететін ережелер мен тәсілдер жиынтығы.

Мнемоника таңбалары сақталып қалған не топталған бірнеше затарқылы, сол ардың суреттерінен көрінуі мүмкін. Мысалы, садаққа— соғыстың, соғыс жариялаудың мнемоника таңбасы. Қазақстанның таулы аудандарында танбалы тастар көп, солардың бетіндегі қолына найза, садақ ұстаған адамдар мен әртүрлі аң суреттері ерте замандағы аң аулау көрінісін еске түсірегін мнемоникалық таңбалар болып табылады. Мнемотехникалық әдіс балалардың сөз материалын есте сақтауда қалдыру үшін қолайлы. Сонымен қатар дыбыстық және көру қабілеттері де дамиды. Мектепке дейінгілердің жас ерекшеліктеріне қараса, осындай қорытындыға келуге болады, сөйлейтін суреттерді пайдалану әңгіме құрастырғанда, өлең, логоритмикалық жаттауда жеңілдетеді және есте сақтау процесін тездетеді. Есте сақтаумен жұмыс әдістерін қалыптастырады. Есте сақтауды бекітудің ережесінің бірі былай дейді: «Жаттағанда жаз, сызба, диаграммалардың суретін сал, кестелерді сыз». Сөйлейтін суреттер, сипаттау сызбалары қызығушылық тудырады және проблеманы шешуге көмектеседі. Таңбалы рәміздер дегеніміз не? Бұл объектінің абстрактылы қорытылған немесе графикалық бейне. Графикалық аналогия – бұл солардың белгілеріне жалпы бойынша бірнеше бейнелердің немесе бейненің жүзеге асатын рәмізбен қандай болсын таңбасы.

Мектепке дейінгі бала есте сақтау мен қабылдауы жоғары қабілетімен ерекшеленеді. Мнемотехникалық әдіс балалардың сөз материалын есте сақтауда қалдыру үшін қолайлы. Сонымен қатар дыбыстық және көру қабілеттері де дамиды. Мектепке дейінгілердің жас ерекшеліктеріне қараса, осындай қорытындыға келуге болады, сөйлейтін суреттерді пайдалану әңгіме



құрастырғанда, өлең, логоритмикалық жаттауда жеңілдетеді және есте сақтау процесін тездетеді. Есте сақтаумен жұмыс әдістерін қалыптастырады. Есте сақтауды бекітудің ережесінің бірі былай дейді: «Жаттағанда жаз, сызба, диаграммалардың суретін сал, кестелерді сыз». Сөйлейтін суреттер, сипаттау сызбалары қызығушылық тудырады және проблеманы шешуге көмектеседі. Таңбалы рәміздер дегеніміз не? Бұл объектінің абстрактылы қорытылған немесе графикалық бейне. Графикалық аналогия – бұл солардың белгілеріне жалпы бойынша бірнеше бейнелердің немесе бейненің жүзеге асатын рәмізбен қандай болсын таңбасы.

Әсіресе 6-7 жастағы балалардың тілдің дамуында ерекше маңызы бар. Балаларда танымдық белсенділік арттылады.

Баланың тілін дамыту үшін 6-7 жастағы балалар шағын әңгіме құрастырады, өлеңдер, алогоритмикалық жаттығулар жаттайды. Әңгіме сипаттағанда, өлең, логоритмикалық жаттығулар жаттағанда сызбалар қолданған қолайлы. Мнемотехникалық әдістің міндеті: қазақ тіліне тән дыбыстардың дұрыс айтылуын жаттықтыруы, сөз қорының байытуы, белсенуі мен бекітуі, сөйлеудің грамматикалық дұрыстығын жүзеге асыруы және тілдің дамуы.

Ересек топтан бастап балаларда қоршаған әлем туралы түсініктер бар болғанда, таңбалы рәміздерді құрастыруға өздеріне жасауға болады. Бала өзі таңба жасайды, одан кейін мұғалім сәйкес келетін рәмізді таңдап алады.

Заттардың белгілері мен күйін (көңілді, ызалы, аянышты, т.б), іс - әрекетті білдіретін таңбалы рәміздерді құрастырғанда толық түсіну үшін балалармен ойнау және эмоциялы-ымдық деңгейде әрекетті көрсету қажет.

Әңгіме, өлең, логоритмикалық жаттаулар жаттағанда әрбір дыбысталатын сөзді алмастыруға болады.

Кейбір кезде рәміздік бір сызбада толық сөйлемді суретте көрсетуге болады. Егер де біз кейбір сөздерге балалардың ерекше назарын аударатын болсақ (мысалы, іс-әрекетін білдіретін сөздер), оларды жеке сызбада көрсеткен жөн.

Өлең, логоритмикалық жаттығулар жаттауда ондағы бірнеше рет қайталанып келетін сөз тіркестерін сөздерді рәміздермен алмастырудың қажеті жоқ. Мемлекеттік стандартына сай әңгіме құрастыру, жаттау айына 2-3 рет. 5-6 жастағы балалар әңгіме құрастырғанда 3-5 сөйлем, ал 6-7 жастағы балалар 5-7 сөйлем құрастыру қажет.

Сызба – схемалар тақырыптарға байланысты үйренген жеке сөздермен сөйлем құрастыруға, сөйлемдермен әңгіме құрастыруға таптырмайтын қазына. Сызбаларға қарап, балалар әңгіме құрастыруды тез үйренеді. Әсіресе отбасы тақырыбына арналған сызбаны әр сабақта қолдануға болады. Бұл сызбаға қарап, балалар отбасы мүшелерінің атауын тез есте сақтауға, адамдардың әрекеттерін әңгімелеуге үйренеді.

Жеміс-көкөністерге арналған сызба бойынша балалар олардың түрін, түсін, дәмін, қайда өсетінін сипаттап бере алады. Мысалы, алманы сипаттау: алманың түсі қызыл, пішіні – домалақ, дәмі – тәтті. Ол ағашта өседі, жеміс. Біз оны жейміз. Ойыншықтарға арналған сызба бойынша балалар олардың түсін, пішінін, мөлшерін атап беруге үйренеді.

Міне, осылай әрбір жаңа тақырып бойынша сызбалар қолдануға болады. Мұғалім өз балаларының қабылдау қабілетін, жас шамасын ескере отырып, сызбаны өзі жасап алуына да болады.

Мнемотехникалық әдіс – өлеңдерді, алогоритмикалық жаттығуларды жаттаудың, әңгімелерді сипаттаудың әдістемесі.

Осы жастағы балаларға өлеңдер жаттауда сөйлейтін суреттерді қолданған қолайлы. Өлең жаттауда әр сөзді рәміздермен алмастыруға болады. Кейбір жағдайда сөйлемді бір сызбада көрсетуге болады. Заттардың сынын, күйін, әрекетін білдіретін суреттерді құрастырғанда толық түсіну үшін балалармен бірге ойнау қажет және эмоциялы деңгейде әрекетті көрсетуге болады. Мектепке дейінгілерді өлеңдерді мәнерлеп жаттауға, шығармаға сай ырғақты сақтауды үйретеді. Балалармен бірге қайталағанда педагог интонацияға, дикцияға, дем алуына назар аударады.

Өлеңді оқып болғаннан кейін міндетті түрде әңгіме өткізіледі:

- аударма жұмысын өткізу;
- мұғалімнің сұрақтары;
- суреттер қарау;
- қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтқызу, қайталату;
- сызбалар арқылы жаттау;

Балаларға өлеңді есінде сақтау үшін, мұғалімге келесі әдістерді қолдануға болады: бірінші жолды топпен қайталау және 3-4 балаға бір-бірден қайталатқызу;

фонетикалық жаттығу орындау; әсіресе мәнерлеп оқуға талап ететін сөзді, жолды балаларға қайталату.

Алгоритмикалық жаттығулар танымдық процестердің, есте сақтау, зейін, қозғалыс дағдылардың, дыбыстардың айтылуының, сөйлеу функционалды жүйесінің және барлық сөйлеу құрамының дамуына бағытталған. Ұсынған жаттығулар сипаттау сызбалар арқылы жатталады, содан кейін мұғаліммен бірге айтылады және әр түрлі қимылмен көрсетіледі. Логоритмикалық жаттығуларды орындағанда, балалар мұғаліммен бірге ортада тұрған жөн, сонда балаларға мұғалімді көруге, қозғалуға және сөйлеу материалын орындауға мүмкіндік бар.

Алгоритмикалық жаттығуларды өткізуде балалар спецификалық дыбыстардың дұрыс айтуын жаттығады, дауыстың ырғағы дамиды, сонымен

қатар ымның, қозғалыстың дағдылары, жалпы және ұсақ моториканың нақтылығы мен үйлестіруі дамиды.

Мектепалды даярлық бағдарламаның базалық минимумда 6-7 жастағы балаларды оқытуда мынадай талаптар қойылған. Балабақша, балабақша қызметкерлер туралы әңгіме құрастыру білу. Сенің атың кім? Кім? Не істеді? сұрақтарына жауап беруді білу. Ойыншықтардың атауын, түсін, пішінін айта білу. Адамның дене мүшелерін атау және таныс сөздерді сөйлемде қолдану. Сонымен қатар отбасы мүшелерін, киім, аяқ-киім атауын айта білу. Сөйлеу бала үшін қарым-қатынас құралы болып табылады, оның ойлау қабілетін дамыту және мінез-құлқын реттеуде маңызды рөл атқарады. Сөйлеу қатынасы баланың білімді меңгеруіне, қажетті білік пен дағдыларды қалыптастыруға мүмкіндік береді. Байланысты сөз ойға мағына беріп, адамдардың бір-бірімен қарым-қатынас жасауын және өзара түсінуін қамтамасыз етеді. Сөйлеу қызметі ойдың дамуымен қатар өрбиді. Дұрыс сөйлеуге тәрбиелеу коммуникативтік біліктілікті, тілдік (фонетикалық, лексикалық, грамматикалық) және тілдік емес (ым, мимика, қалып, көзқарас, іс-қимыл) құралдардың көмегімен айналадағы адамдармен қарым-қатынас жасауды реттеу қабілетін дамытуға бағытталған. Тілді дамытуда өз қатарларымен сөйлесе білудің маңызы ерекше.

Жалпы міндет:

- тілді дамыту танымдық және ойын қызметінің негізі іспеттес;

Негізгі міндеттер:

Тілге деген тиянақты, мүдделі көзқарасты және құрмет сезімін қалыптастыру;

- қарапайым диалогтық және монологтық сөйлеуді қалыптастыру;

- қарым-қатынас мәдениетін тәрбиелеу;

- сөздік қорды толықтыру және жандандыру.

Мнемотехника әдісін қолдану өз нәтижелерін де берді.

Балалармен бағдарламалық материалды меңгеру бойынша 1 және 2 жартыжылдыққа арналған педагогикалық диагностика материалы жасалынып шығарылды.

Деңгей бойынша меңгерудің бағасының жүйесі талданып шығарылды

1 деңгей—бала педагогтың үлгісі бойынша іс-әрекетті елестетеді

2 деңгей – не істегенін түсінеді; белгілі білім қоры бар

3 деңгей- білгенін және не істей білетінін өз бетімен қолданады, шығармашылық және дәстүрлі емес жағдайларда.

H00049 19.11.2020

## ТӘРБИЕШІ БОЛУ-БІР БАҚЫТ

*КОСЫБАЕВА УЛБОСЫН ТУРЫСБЕКОВНА*

*Жамбыл облысы. Байзақ ауданы. Қызыл Жұлдыз ауылы Н. Ақшабаев мектебінің Алпамыс шағын орталығының тәрбиешісі*

«Жол таңдауда жалтаңдауға болмайды» деген бар емеспе, сол шын екен. Ата-анамның қалауымен «Филология» факультетіне түстім. Оқуымды аяқтаған соң, ол салада жұмыс жасағым келмеді. Қайтадан бала күнгі арманым «Мектепке дейінгі білім беру және тәрбиелеу» мамандығы бойынша білім алып шықтым. Таңдауым әу баста ұлтымыздың, тәуелсіз еліміздің ертеңі боларлық бүлдіршіндерді тәрбиелеу жолын таңдағаным еш өкінбеймін. Керісінше, ауыртпалығы мен жауаптылығы қырық атанға жүк боларлық осы кәсіпті таңдау арқылы қоғамдық дамуға өлшеусіз үлес қосып келе жатқаным мақтан етемін. Адам баласының өмірінде болуға тиіс бақыттың бірі не десек, ол – өз қалауымен таңдаған кәсіп мамандығына деген салиқалы, ынтызарлық ықылас дер едім. Қалаған ісіңе ғашықтық пейілмен қарай білсек, өмірден өз орныңды тапқаның !

Тәрбиеші болу-айтуға оңай шаруа болғанымен, бұл мамандықтың қоғам үшін қаншалықты маңызы барлығын сол кәсіпті таңдағандар, осы жолда еңбек етіп жүрген жандар жақсы түсінеді.

«Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» деп ұлы Абай атамыз айтқандай қызығы мен ауыртпалығы, жауапкершілігі қатар жүретін осы еңбектің жолындағы педагогикалық ұстанымым - үнемі жаңалыққа ұмтылып, әр тәрбиеленушінің бойынан жылт еткен жақсылықты, талап пен талантты тауып, бұлақтың көзін ашу, биікке жетелеу, сондай ізденістер арқылы биік мақсаттарды орындау. Халқымызда «Жас келсе-іске» деген керемет сөз бар. Демек мен бойымдағы жастық жігерімді, күш-қуатымды, жаңашылдығымды талапты әрі талантты шәкірт тәрбиелеуге жұмсауым керек. Болашақта өз тәрбиеленушілерімді биік белестерден көріп жатсам, сол үшін өзімнің азда болса үлесім тиіп жатса мен өзімді бақытты тәрбиеші-ұстаз, бақытты жанмын деп білемін.

H00050 19.11.2020

### Cities and countries

УМИРОВА АЙГЕРИМ БЕРДИМУРАТОВНА  
Түркістан облысы. Мақтаарал ауданы А.Тұяқбаев мектебінің  
Ағылшын тілі мұғалімі

<b>Unit 1:</b> Home and away <b>Term 1, Lesson 4:</b> Cities and countries		<b>№ 23 А. Туякбаев</b>	
<b>Date:</b> 8.09.2020		<b>Teacher name:</b> Umirova. A	
<b>CLASS:</b> 5		<b>Number present:</b>	<b>absent:</b>
<b>Learning objective(s) that this lesson is contributing to</b>	<p>.L1 understand a sequence of supported classroom instructions</p> <p>5.S1 provide basic information about themselves and others at sentence level on an increasing range of general topics</p> <p>5.W3 write with support factual descriptions at text level which describe people, places and objects</p> <p>5.C8 develop intercultural awareness through reading and discussion</p> <p>5.L6 deduce meaning from context in short, supported talk on an increasing range of general and curricular topics</p> <p>5.C1 use speaking and listening skills to solve problems creatively and cooperatively in groups</p>		
<b>Lesson objectives</b>	<b>All learners will be able to:</b>		
	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Introduce themselves</li> <li>• Tell about their friends</li> </ul>		
	<b>Most learners will be able to:</b>		
	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Introduce themselves and tell about their friends</li> <li>• Match the countries to the capitals</li> </ul>		
	<b>Some learners will be able to:</b>		
<ul style="list-style-type: none"> <li>• Introduce themselves and tell about their friends</li> <li>• Match the countries to the capitals</li> <li>• Make true and false sentences about cities, countries and capitals</li> </ul>			

<b>Language objectives</b>	Use personal pronouns and numbers	
<b>Value links</b>	Teamwork: Learners will work well together in pairs/ groups showing respect and being polite with each other.	
<b>Cross curricular links</b>	Geography	
<b>ICT skills</b>	Projector	
<b>Previous learning</b>	Meeting people	
<b>Plan</b>		
<b>Planned</b>	<b>Planned activities</b>	<b>Resources</b>
<b>Beginning</b> 2 min 3min	Greeting. Setting the aim of the lesson <b>Speaking:</b> students make up a dialogue using key phrases on the blackboard <b>Key phrases</b> <b>How are you?</b> <b>Fine, thanks.</b> <b>This is my friend.</b> <b>See you later.</b> <b>Bye!</b>	PPT
<b>Middle</b> 10 min 8 min 12 min	<b>Listening</b> Students listen and read. Match the sentences with pictures <b>Writing</b> Students match the countries to the capitals, write sentences , then listen and check their answers. <b>Role-play</b> <Test your partner> Students make true and false s-s about cities, countries and capitals. The capital of Germany is Bonn. No, the capital of Germany is Berlin.	Audio CDs Ex.1,p.6  Ex.2,p.6  Ex.4,p.6
<b>End</b> 3 min	Feedback: Learners give their own opinion on the learnt material	

<b>Additional information</b>		
<b>Differentiation – how do you plan to give more support? How do you plan to challenge the more able learners?</b>	<b>Assessment – how are you planning to check learners’ learning?</b>	<b>Cross-curricular links</b>
<p>More-abled students support less-abled students</p> <p>More-abled students are given extra tasks (Make true and false sentences about cities, countries and capitals)</p>	<p>Feedback on the work</p> <p>Students write a telegram to the teacher in which they describe what they understood and what was difficult for them</p>	<p>Geography</p>
<p><b>Reflection</b></p> <p>Were the lesson objectives/learning objectives realistic?</p> <p>What did the learners learn today?</p> <p>What was the learning atmosphere like?</p> <p>Did my planned differentiation work well?</p> <p>Did I stick to timings?</p> <p>What changes did I make from my plan and why?</p>	<p><b>Use the space below to reflect on your lesson. Answer the most relevant questions from the on the left about your lesson</b></p>	

### **Summary evaluation**

What two things went really well (consider both teaching and learning)?

1:

2:

What two things would have improved the lesson (consider both teaching and learning)?

1:

2:



## МАЗМҰНЫ

- ЕРМАХАМБЕТОВА БАЗАРГУЛЬ ОНГАЛБАЕВНА
- АУЕЗОВА АЛЬФИЯ АНАРБАЕВНА
- ХИБАШЕВА НУРЛЫ ГАБДУЛЛИЕВНА
- БЕРДЕШЕВА ГАЛИЯ ЕРМЕКОВНА
- КУАНОВА АЙГУЛЬ ТЕМИРХАНОВНА
- ДЖАКИПБЕКОВА САНДУҒАШ ДЖУМАХАНОВНА
- САЛИМБАЕВА КАМШАТ МУРАТОВНА
- МАРИБАЕВА АЙМЕН АЙТХАНОВНА
- АМАНТАЕВА ГУЛЬЖАНАТ МЕНДИБАЕВНА
- САРИЕВА СЛУШАШ ЕЛЕУСИЗОВНА
- ТУЯКОВА САНДУҒАШ АШИМХАНОВНА
- ТЕМИРОВА АДИА АСЛАНОВНА
- ОРДАБЕКОВА ЗАБИРА ГАЗИЗОВНА
- КОСЫБАЕВА УЛБОСЫН ТУРЫСБЕКОВНА
- УМИРОВА АЙГЕРИМ БЕРДИМУРАТОВНА